

КНИЖКА

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 6

ИЮНЬ

1958 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.

Алаңсыз ӘМІР

Алматы көктемі неткен тамаша! Аспан бүгін ашық. Көз де, ой да жеткісіз аспан әлемінің әлде қайдағы қабаты көк торғын жібекті жайып жіберіп, осыған қарап бір сүйсініндер дегендей әрі маужыратып, әрі тамылжытып тұр. «Көкке мен жетпегенде, кім жетеді» дегендей, көше бойындағы сүмбедей бәйтеректер аспанға қарай мойнын соза түседі. Олар «біз осы әсем аспаннан да әдемі емеспіз бе» дегендей.

Алматының көркі—Қазақтың Абай атындағы опера мен балет театрының жанындағы алаңда көктем күнінің бар нұрып төккен шуағын жұтып, үбір-шүбір балалар жүр. Бұлардың нұрлы жүздерінен бақыт ұрығы өніп келе жатқандай. Шіркін, балалық! Не бар бұлардың ойында? Бүгінгі Алматы күнінің мөлдір ашықтығы, жаңбырдан кейінгі таза ауасының тұнықтығы да осы балалардың көңіліндегі таза, тұнық бола алар ма екен. Әй, бола алмас! Нағыз ойсыз, мұнсыз шақ қой бұл.

Бұлар Түркстан-Сибирь темір жолының №42 балалар бақшасында тәрбиеленетін балалар.

Осы балалардың не ойлайтынын кім біледі. Олар, әрине, алдына келген тамақты, үстіне киген киімді ғана біледі. Мықтағанда, қыз балалар үйіндегі тұған күнінде әкесі сатып әкеліп берген қуыршағын, ұл балалар шешесі сатып әкеліп берген қос құлағы тас төбесіне біткен арғымағын ойлар. Мүмкін, кешке әкем мен шешемнің мойнына асылсам дер. Бірақ, осы балалардың соны ойлауға уақыты бар ма. Әкенің көңілі балада, баланың көңілі далада. Қуыршақ десең, бақшада жетерлік, мініп алсаң, төрт дөңгелек үс-

тінде керіліп тұрған сәйгүлік те көп. Уақыт жетпейді-ақ. Таң атса, күн батады.

— Ойлы болса болсын балалар, тек мұңлы бола көрмесін! — дейді балалар бақшасының меңгерушісі Надежда Николаевна Зекрач ойнап жүрген балаларға қарап. Дұрыс айтылған сөз ғой. Ойлы болса, миы болса, халқына пайдасын тигізетін адам болып өссе, бұдан артық не тілейсіз баладан. Бірақ, мұңлы бола көрмесін. Қазір ешнәрсе ойында жоқ балалар осылай мұнсыз қалпымен өссе екен, жаманат атаулыдан ешнәрсе білмесе екен, — дейді тәрбиешілер. Кешегі өткен Ұлы Отан соғысын бүгінгі балалар бақшасындағы Раушан да, Алтын да, Адик те, Наташа да білмейді. Тілек сол, олар ондайды білмей-ақ өссе екен. Бірақ, бізде әкесіз өскен, әке мойнына асылуды аңсап өскен балалар бар ғой. Оған кім кінәлі? Әрине, қанқұйлы, қан шеңгелдеп тұрған капитализм кінәлі. Дүниежүзілік екінші империалистік соғыстың жер шарының халқына салған жарасы айығып болмай жатқанда Мұхит сыртындағы біреулер қоқанлоққы жасай береді.

— Қолында өскен соң балалардың бәрі де адамның өзіне ыстық болып кетеді екен, осылардың біреуін де титімдей жаманшылыққа жарты секунд қалдырмас едім, — дейді тәрбиеші Нина Панова шындықты айтып.

Азгантай үзілісте өздерінше жүрген балалар сәлден соң жаңа шыққан тауықтың балапанынша шүпірлесіп тәрбиешісін қоршап алды. Олардың ішінен басқаларынан гөрі ересектеу Сережа Иманқұлов тәрбиешісіне жақындап:

— Каравай ойнайық десем, сіз ойнамайсыз,— дейді.

— Ал, бәріміз, тұралық,— дейді тәрбиеші көтеріле беріп. Балалардың бәрі қол ұстасып тұрып алды...

Каравай, каравай,

Осы бір желі басында шінгірлеген құлын даусындай нәзік үн ашық аспан астында көпке дейін созылып тұрды.

— Бұл біздің ұядан ұшыратын ұлымыз,— дейді меңгеруші бізге қарап. Сұрап біле келгенде, бұл сөз рас-ақ. Сережа Иманкұлов осы балалар бақшасы ашылғаннан бері үш жылдай осында тәрбие алған. Енді алдағы оқу жылында мектепке барады екен. Демек, Сережа — осы балалар бақшасының ұядан ұшар тұңғышы. Ол қазірдің өзінде жиырмадай ертек, әнгімелер, он шақты өлең айтады. Билеп те жібереді.

— Тек сіздер біздің таңертеңгілімізде болсаңыздар етті, балаларымыздың өнерін сонда көрер едіңіздер,— дейді Нина Панова. Ол балаларды бақшасына алып жүрді. Бақша мен алаң арасы бір көше жер.

— Алаңымыз бітпей жатыр, алаң жасауға қырық мың сом аударылған еді, әлі құрылысшылар үлгіре алмай отыр,— дейді бақшаның тәрбиешілері.

Сымдай түзу Сталин проспекті Алатаудың аспанға шаншылған Найзақарасына қарай созылып жатыр. № 42 балалар бақшасы осы түзу көшенің Жамбыл көшесімен астасқан бұрышындағы Алматының әрі әсем, әрі зәулім үйлерінің бірінен саналатын жаңа үйге орналасқан. Тап-таза, жып-жинақты бақшаның бұлың-бұлың бөлмелерінің бәрі аппақ простынялармен көмкерілгендей. Бақшаның ересектері сыртта ойнап келгенде, мұнда қалған ұсақтары да өнер салыстыруда еді.

Ортадағы үлкен сақинаның ортасында аяғы аспанда, басы жерде екі бала тұр. Оның бірі Миша Гандельсман, екіншісі Адик Ыбыраев. Әрі-бері дөңгелеген сақинадан олар бір түспейді. Тіпті қорыққандығы да білінбейді. Адик Ыбыраев дөңгелектен түсісімен жүгіріп пианино жанына барды да, қос қолдап басып-басып қалып, дар-дар еткізді. Ол өзін пианист деп те есептейтін болу керек. Несі бар, бүгін болмағанымен ертең пианист болуға оған бөгет жасайтын күш бар ма!? Ертең кім болам десе де оның еркі ғой.

— Мен ән сала білемін,— деді Олена Қожабекова шінгірлеп.



Нагаша бейбітшілік құсын ұшырмақ.

— Айтып жіберші, Олена, мына кісілер естісін,— деді тәрбиеші Екатерина Михайлова. Олена ортаға шығып тұрды. Анталай қоршаған жас азаматтар тегіс оның аузына қарасты. Олена:

— Аяқ басып апыл-тапыл,
Қол соғамыз шартыл-шартыл,

— дей беріп еді, балалардың бәрі шуылдап, бірі күліп, бірі мұны мен де білемін десіп кетті.

Оленаның айтқаны балалардың бәрінің қосылып айтатыны болу керек. Балалардың күлкісін де, сөзін де Олена тыңдаған жоқ,— мен велосипед тебе де білемін,— деді.

— Қайтіп? — деп балалар тағы шу етті.

— Бүйтіп,— деп Олена екі аяғын кезек-кезек көтеріп, қарғып-қарғып қойды. Балалар тағы күлді.

— Балалар,— деді осы кезде тәрбиеші Кубарева,— ертек тыңдайтындарың бері келіндер.

Балалардың жиырма шақтысы ақ простынялар жабылған никельдеген бірыңғай ақ

кроваттар қойылған үлкен бөлменің бір бұрышына келіп отырды. Тәрбиеші Зоя Савельевна Кубарева ертек айта бастады.

— Баяғыда шық бермес Шығайбай деген болыпты...

Міне, №42 балалар бақшасы тәрбиелеп жатқан коммунизм ұрпақтарының күнделікті тәрбиесі осылай алаңсыз өтіп жатыр. Олар бақшада төрт рет тамақтанады. Ойыншықтың барлық түрі әзір.

Бұл бақшадағы балалардың бәрі де ең аз дегені (жаңа келгендерінен басқасы) екі ән біледі. Төрт-бес ертек айтады, би билей білетіндері де бар. Олар адамгершілікке, шындыққа, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиеленуде. Олар соғыс атын білмейді, өйткені оны естімейді. Олардың оқитыны бейбітшілік сабағы.

Бұл балалар бақшасындағы барлығы 65 баланың жиырма бесі түнеп қалатындар. Оларға ерекше қамқорлық көрсетіледі.

Бақшадағы төрт тәрбиешінің бәрі де арнаулы орта білімі бар, яғни педагогтік училище бітіргендер. Күтушілер Ерина, Балабанова, Шаталовалар нағыз мың болғыр адамдар. Олар бір балаға катал сөйлеп, қабак шытпайды. Сондықтан да, балалар таңертең бақшаға барарда үйлерінен қуана қуана кетеді.

Советтік ата-аналар сенімді бақшаларға баласын әкеліп, немесе тәрбиеленген момақан, бүлдіршін баласын әкете отырып балалар бақшасындағы қарапайым совет тәрбиешілеріне көп рахметтер, алғыстар айта-

ды. Совет ата-аналарын да, олардың көзінің нұры балаларын да осындай алаңсыз өмірге жеткізіп, тәрбиелеп, мәпелеп отырған Советтік Отанға, туысқан Коммунистік партияға шын көңілімен алғыс жаудырады. Шынында да, бұл алаңсыз өмір тек қана біздің еліміз



Кезекші Тая тамақ тасып жүр.
Суреттерді түсірген Б. Тілекметов.

сияқты бейбітшілік елдерде, социализм өркенін жайған елдерде ғана болады. Гүлдей жайнап өскен балалық, шат-шадыман тұрмыс біздің елдің балаларының үлесіне тиген. Оларға гүлдей беріндер, жас балдырған, коммунизм бүлдіршіндері дей бергің келеді.

Б. Қыдырбекұлы.

РЕВОЛЮЦИЯ ГИМНІ

(«Интернационалдың» тұңғыш орындалғанына жетпіс жыл)

1848 жылы революция өрті бәсеңдеп, Францияда өкімет басына буржуазия келді. Революция жеңісі үшін жан сала күрескен жұмысшы табы алданып, сыбағадан құр қалды. Ашынған, езілген тап енді қару ұшын буржуазияның өзіне көзеді.

Дауыл қайта тұрды. Ол «аштар мен құлдардың» үстем тапқа өшпенділік шоғын үрледі. Езілгендер есесін алу үшін буржуазияға қарсы күреске шықты. Тағы да Францияны революция жалыны орап алды. Бұл жалын капитализм дүниесін қуырдақша шыжғырып, оның өзегі — буржуазиялық құрылысты шіріген өңездей сығып тастады. Жалын шұғыласымен 1871 жылы 18 март күні Париж Коммунасы дүниеге келді.

Бірақ, Париж Коммунасы 72 күн өмір сүргеннен кейін, дүниежүзілік капитализмнің қыспағымен құлады. Францияда тағы да қара түнек орнады. Коммунаның жалынды күрескерлері айдауға, қуғынға түсті, атылды, асылды. Революционерлер арасында келешектен түңілушілік, идеялық лағушылық туа бастады. Міне, дәл осы кезде дауылдан кейін мата бояушы француз жұмысшысы:

«Тұрыңдар, қарғыспен қарылған —
Аштар мен құлдар жиһанда.
Санамыз зығырдай қайнаған,
Бастауға дайын майданға.
Зорлық дүниесін біз құртамыз.
Тамтығын қоймай, ал біздер
Жаңадан дүние орнатамыз
Жетілер жетіспегендер» —

деп ұран тастады. Бұл жыр революция гимні «Интернационал» еді. Оның авторы қарапайым жұмысшы, коммунар ақын Эжен Потье болатын. Алайда, қуғында жүрген Эжен Потье 1871 жылы Англияға эмиграцияға кетті де, өлең қолжазба күйінде ғана жұртқа тарады.

Эжен Потье эмиграциядан Парижге 1880 жылы оралды. 1887 жылы ақын өзі қайтыс болар алдында баспадан шыққан «Революциялық өлеңдер» атты жинағына «Интернационал» да кірген болатын. 1888 жылы француз жұмысшысы, ағаш шебері, талантты композитор Пьер Дегейтер оны музыкаға түсірді. Осыдан 70 жыл бұрын — 23 июнь күні Францияның Лилл қаласында Пьер Дегейтердің басқаруындағы жұмысшылар хор үйірмесі «Интернационалдың» тұңғыш рет ашықтан-ашық орындады.

Міне, революция гимні, дүние жүзілік пролетарлар гимні осылай туды.

ҚҰТҚАРУ



— ШҒИМЕ —



Ең соңғы ауды қарап болған Ертай, енді ғана еңсесін көтерді. Екі сағат бойы ау қарау оңай ма, қайықтың ернеуі батып кеуде сүйегі ауырып қалыпты.

Қайық толы чемая. Күміс қабыршақты ақ чемаялар желбезектері желпілдеп, әлсіз шоршып жатыр. Мұнша мол балық көптен болған емес. Арық, қара бала Бектас қуанышы қойнына симай, жымың-жымың етеді.

— Енді қайтамыз ғой?

— Қайтқаны несі, мыналарды өткізбейміз бе?

— Ескексіз қалай жеткіземіз?

Екеуінің арасындағы сөз сұрақпен басталып, сұрақпен бітті. Көзқарастарында да сұрақ бар.

— Бәсе, қалай жеткіземіз?..

Жазда балықшы өмірі қандай тамаша! Елсіз аралда қамыстан тұрғыза салған қос... Бейне «Сырлы аралдағы» сияқты ғажап бір оңаша тіршілік. Біресе аралды кезіп, тоғай аралап табиғатты тамашалайсың, біресе ауға шығып, толқынмен арпалысып, теңізде сайрандап, әбден шалдығып шаршап құлайсың. Сөйтіп жүріп ауылды сағынуға да қолың тимейді.

Екі бала бүгін ауға ескексіз шықты. Ол да тоғайға отынға кеткен Қожақтың кесірі болды. Ескектерді кеше Қожақ бір жерге қойған екен. Сиқырлағандай үшті-күйлі жоқ болды. Отында жүрген Қожақты күте-күте, кешігіп қалатын болған соң, олар ауға жалғыз таяумен кетті.

Ауға, байдаркаша есіп бару онша қиынға түскен жоқ. Енді Ертай балық қабылдайтын кемеге де сол әдіспен алып бармақ. Қосқа оралғысы келген Бектасқа бой бер-

меді. Ертеңге қалса, балықтың сорты кемиді. Тіпті шіріп кетуі де мүмкін.

— Таяумен биыл жетіп болмаймыз ғой,— деді Бектас қырсауланып.

— Жеткіземін! — деді Ертай қасарып.

Ертай байдаркаша есіп келеді. Су терең, таяу бойламайды. Қайық бір қалыпты баяу қозғалады. Жай жылжыған қайыққа кербез толқын еркелей соғып, сылқ-сылқ күлгендей.

Әнекей, кеме де жақындап қалған сияқты.

Ертай алқызыл шапақтанған көкжиекке қарап қойды. Күн бейне теңіз бетінде қалқыған отты шар сияқты балқып тұр. Батуға тақапты. Айнала толқынды дөңбекшіген бір шет-шексіз дүние. Теңіз беті де батар күннің шұғласымен қызғылт тартып құбыла толқиды.

Ертай көңілденіп кетті. Майкішең. Жалаңаш төсінен бусанып тер шыққан. Қарының шыныққан бұлшық еттері болат түйінше бұлылдайды.

Бектас өзінің арық денесіне, сидиған сіңірлі қолдарына қарады. Кенет көңілі жүдеп қалғандай. Әрқашанғы әдетімен енді Ертайға қызғана қарап, күрсініп қойды. Қалай-қалай қимылдайды өзі. Таяуды көлбете салып, күрей еседі. Қазір тіпті екіленіп, қызып алған сияқты.

— — Ох! — десті кенет екеуі бірден.

Ертай қолында таяудың бір кез сынығы, қалшыып тұр. Көзі кейінде бір батып, бір шығып бара жатқан таяуда. Ұмтыла беріп, қолын сілтеді.

Бектас кемеге жалт қарап, ышқына айқайлады. Жарыса шыққан екі дауыс көкті

жаңғырықтырды. Кеме тым-тырыс. Жауап қатпайды.

Түстіктен соққан әлсіз жел қайықты ұшанға қарай бейімдей түскен сияқты. «Шынымен-ақ ығып кете бергеніміз бе?» Бектас қорқып қобалжып кетті. Ол тағы айқайламақ еді, Ертай иығынан тартып тоқтатты.

— Қажеті жоқ. Олар каютада тамақтанып жатыр. Ол Бектасты қарынан қысып ұстап, өзіне тартты,— былай, Бектас, мен кемеге жүзіп барамын.

Бектас селк етіп, алыс көкжиекке қарады. Күн батып кеткен. Орнына алаудай қыпқызыл бір шоқ бұлт қонақтапты.

— Бірақ, өте қашық қой...

— Түк те етпейді. Тұра бергенмен жақындамаймыз ғой. Жел тұрып кетсе босқа өлерміз. Сен қорықпа. Қайық алып қалай да жетемін.

Ертай баяу малтып келеді. Теңізде жүзу ауыр екен. Я, бұл тымық сулы Ескібөгеннің көлшігі емес. Дөңбекшіген ерке толқын кеудесінен қағып, көтеріп тастап, еркін құлаш ұрғызбай келеді.

Кеме көрініп тұрып-ақ жеткізер емес. Ол шаршап қалды. Енді екі қарына тыныс алдырғалы, екі аяғымен демей қалқып, қолдарын су бетіне жайып жіберіп біраз тұрды. Бұл екінші рет тыныстауы. Кемеге жақындаған сайын кідіруі де жиілей берді. Жүз метр жүзбей-ақ қары талып қалады. Бір мезгіл көлбей жатып аяғының көмегімен бір қолымен де жүзіп көрді.

Ол екі қолын жайып жіберіп, аяғымен демей қалқып тұр. Әлгіде ғана екі қары сөгіле сырқырап кеткен, енді басылғандай, әлдеқандай бір рахатты күйді бар денесімен сезді. Қозғалғысы келмейді. Толқын ғана бетіне соғып, иегінен қағып мазасын алды.

Кенет гүрс етіп мылтық атылды. Құлағына әлде бір айқайлаған дауыс шалынғандай. Бектас па екен... Жүрегі лоблып кетіп, жанжағына қарауға тырысып малтып байқады. Айнала дөңбекшіген толқыннан ешнәрсе көре алмады. Екі жүз метрдей жерде арбиған дәу денесі қарауытып кеме тұр. Кеме денесіне соғылып, шалпылдаған толқын үні келеді. Әлде айқайласа ма екен? Оқтала беріп тоқтады. Енді жақындап келгенде, қорыққандығын білдіргісі келмеді.

Ертай суды аяғымен теуіп жіберіп, атқып құлаш ұрып кетті. Осы қарқынмен

кемеге бір-ақ асылғысы келгендей екіленіп, қолын үсті-үстіне сілтейді.

Тағы болмады. Тағы да қары талып бос қалды. Сонда да тыңдамай ұмтыла берді. Міне... Кеме 40—30 метрдей-ақ жерде тұр. Бірақ бар күші бітіп еңтігіп қалды. Суық толқын шалп етіп бетіне соғып жуып өтті. Ол жанұшырып екі аяқ, екі қолын бірдей сермеп су бетіне атып шықты.

Ертай қылқылдап, кеңірдектен тұр. Су сіңіріп тартып барады. Денесінің теңдігін сақтай алмай, ол шалқалап, ауытқып кетті. Енді болмаса толқын астына түсіп жоқ болмақ. Айқайлайын деп еді, үні шықпады. Аузын ашса, тұзды су лақ етіп көмейіне құйылатындай. Жандермен қолын бес-алты сілтеп қалды. Міне, кеме... Ол корпусқа жармасуға тырысты. Бірақ, бортқа соғып қайталықсыған толқын кейін итеріп жіберді. Ертай бақаша бос тарбаңдап, батып бара жатты.

Бекен палубаға шықты. Желбегей, қарнын сипап қояды. Жаңа ғана тамақтанып алғаны тершіген жүзінен көрініп тұр.

Капитан мен машинист кешкілік жағаға шығып кеткен. Қазір рульші қарт екеуі оңаша еді.

Күн ұзын балық өлшеп алып, балықшылармен есеп айырысып, сан-сапалақ жұмыс



қатты шаршатты. Мұнан бір сағат бұрын ең ақырғы қайықты ұзатып салып демін алған ол. Алдында ғана рұльші қартқа күріш салып қуыруға қосқан балығы еске түсіп, енді ғана жуынуға кіріскен кезде, бір қайық қылт етіп көріне кетті.

— Қап! Жайбарақат отырып, оңаша бір тамақтанармын деп едім. Мынау тағы көрінді ғой,— деді ол шынымен ренжіп.

— Қой, не де болса тамақтанып алмай Бекен тұмсығын көрсетпес. Көп болса күте тұрар.

Сонымен, каютаға жып бөрген Бекеннің бұл шыққан бойы. Асыққаннан балықты да шала пісті түсірткен. Енді қас қылғандай әлгі қайықтың көрінбей кеткеніне таңырқап тұр еді. Кенет, аяғының астынан бір әлсіз дауыс құлағына сап етті.

Бұл Ертай еді. Жанталасқан Ертайға якорьдің шынжыры тап келген. Қазір шынжырға асылып, қимылсыз сілейіп тұр. Құлағы шулап, басы айналып, мең-зең.

— Ұста! — дейді! Әлдекімнің жуан даусы жоғарыда.

...Жарты сағаттан кейін, кішкене құс қайыққа мінген Бекен мен Ертай Бектасты құтқаруға бара жатты. Ертай тынығып ал дегенді тыңдамады. Көз алдынан толқынды тұңғыш теңіз, ұшанда ыққан жалғыз қайық бір кетпеді. Оның үстінде жападан-жалғыз үрейі ұшқан Бектас барады... Түнек түн... қорқыныш...

Ертай рульде отыр. Ескек баяу сылпылдайды. «Қандай жалқау адам»,— дейді ол, Бекеннің сылбыр қимылына қарап. Өзі Қожақтан да өткен жалқау болуы керек.

Кенет алдарынан дабырлаған дауыс естілді.

— Бұл кімі?

— Өзіміз.

Капитан Жолдыбайдың даусы. Қараңдаған екі қайық жақындап келеді.

— Ау, Жәкенбісің? Мен Бекен ғой. Қосарыңдағы қайығың не? Олжамен келе жатқаннан саумысың?

— Олжа болғанда да мол олжа. Бір қайық балық пен бір бала олжамыз бар.

Ертай атып тұрды. Капитанның қайығына тіркелген өз қайықтары екен, жаңа аңғарды.

— Бектас! — деді ол ышқына дауыстап.

Күн батарда Жолдыбай жағадағы биік жартастың ұшар басында тұрды. Қолында бинокль. Ол байдаркаша есіп кемеге бара жатқан жалғыз қайыққа әуелі таңырқай қарады. Неге ескегі жоқ? Әлде әдейі істеп бара ма екен?

Ол таяудың сынғанын балалар қосыла айқайлаған кезде сезе қойды. Қайықтан бір баланың ырғып түсіп, кемеге қарай жүзе жөнелгенін де анық көрді. Екі километр жерге тәуекел етіп жүзіп баруға қарт теңізші өзінің де батылы бармас еді. Неткен жүрек жұтқан бала деп ойлады ол сүйсініп.

Капитан дереу иығындағы мылтықты ала салып аспанға атып жіберді. Кемедегілер есітсін деген. Әлгіде Ертай есіткен мылтық даусы сол екен.

Жүзген баланың кемеге барып қалғанын көрген соң, қарт теңізшінің кеңілі орнықты. Оған айналмай, сол бетімен барып Бектасты құтқарып, бұл қайта оралған беті еді.

3. Шүкіров

— Қызылорда облысы, Арал ауданы.

ІНІМЕ МЕН ДЕ АҒАМЫН

Өкініш те — өнеге

Он үштегі баламын,
Десе де жұрт баласың,
Ініме мен де ағамын,
Маған да бүгін қарасың!

Әкем жүрсе қиырда,
Тимесе қолы маманның,
Ата-аналық жиынға
Інімді ертіп барғанмын.

...Күндерде бір күн тағы да
Жиылысқа келдім ініммен.
Ұстазы жайды алдыма
Інімнің мінін білінген:

— Мектепке келсе ұдайы
Сия, сия қолы кір,
Шәкіртке қалай ұнайды,
Ағасы жөндер соны бір.

Көрсен-ау мені табанда
Қара басып қалғанын.
Мұғалім аңдай алған ба
Көкбеңбек екен бармағым.

Сондағы ұялғаным-ай
Қолымды тықтым қалтама,
Ұялып қызарғаным-ай,
Сұмқ тер тепті арқама...

М. ӘЛІМБАЕВ.



ОЛАРДЫҢ адалдығы

Н. Вирта.

ІІ. СНЕЖИНКАНЫҢ ӨЗ ҚҰЛЫНЫҢ НЕ ІСТЕУГЕ ҮЙРЕТКЕНІ ЖАЙЫНДА

Үй хайуанаттарының ішіндегі менің ең жақсы көретінім — жылқы мен ит. Оның мәнісі, олардың бала күнінен менің маңымда болуынан да шығар. Әр адам балалық шақта өзіне қатты әсер етіп, мәңгі есінде қалған оқиғасын ұмытпайды ғой. Менің алдымен есімде қалғаны ит пен атқа байланысты бір оқиға еді. Мінекей, мен шалғын далада отырмын. Айналам тегіс, сап-сары қызғалдақтар. Үлкен сары ит менің бетімді жалап тұр. Оған менің шек-сілем қатқанша күлемін. Бұдан кейін менің атпен салт жүргенім есімде қалыпты. Ат маған орасан үлкен тәрізді көрінді, құлап қаламын ба деп қорықтым. Бірақ, артыма мінгескен бала кездегі досым Игнашка мені құлатпай мықтап ұстап отырды.

Мен жетіге толған кезімде селодағы балалармен бірге түнгі ат жаюға шықтым. Ол дегенің бір қызық! Оны ешнәрсеге теңеп болмайды! Кешке қарай біз деревняның үстімен жортып шығып, далаға ұзап кетеміз. Барған жерде түсіп тоқтаймыз да, аттарымызды шідерлеп, жаюға жібереміз. Ал, өзіміз от жағып картошка пісіреміз. Түнгі ат жаюға біз кешкі тамақты ішкен соң шығатынбыз. Бірақ, сонда да картошка пісірмей қоймайтынбыз. Өйткені, от жақпайынша, картошка пісірмейінше, түнгі күзеттің сәні келмейді.

Дала қап-қараңғы. Бір жағы қорқынышты болса, бір жағы көңілді. Біреулер ұйықтап жатыр. Біреулер отқа шөпшек салып отыр. От маздап жанып жатыр. Сонау маңда кісендерін шылдырлатып, аттар жайылып жүр. Біз ертекей айтысып отырмыз. Ертектің бірінен бірі қорқынышты! Соған соң картошка жеп алып, ұйықтауға кірісеміз. Жалғыз-ақ көзекші ғана ұйықтамайды.

Балалардың түнгі күзетке шығуы жайында жазушы Тургенев тамаша әңгіме жазған. Оны міндетті түрде оқып шығыңдар.

Менің атты жақсы көретін себебім де осыдан. Ат менің бұрынғы, өрте кездегі уайымсыз-қайғысыз, қызықты күндерімді еске түсіреді. Сондықтан, мен екі аттың ісі туралы бір әңгіме айтайын. Оның бірі менің жанымды алып қалды, ал екіншісінің мінезі өте қызық еді, сондықтан оны да еске алмаса болмайды.

Әуелі менің жанымды сақтап қалған ат туралы.

Бұл Гаврюшка деген бұғымен мен танысқан майданда болған оқиға еді. Бұл да соғыстың ең бастапқы кезінде болатын. Мен бір дивизияға бардым. Дивизия Кольскі шығанағының батыс жағында, таудың ішіндегі майданды алып жатыр екен. Ол жерлерде тау деген, көл дегендер көп екен. Көлдердің кішісі де, үлкені де бар. Олардың көптігі сонша, кейбіреулерінің атын да біліп болмайды.

Көлдердің арғы жағында, таулардың ішін құлап Батыс Лица өзені ағып жатыр. Оның шығыс жағалауында біздің дивизиялар жатыр да, батысында жаулар жатыр. Әскерлер айтқандай, қорғаныстың алғы шебі сол жерде еді. Менің міндетті түрде алғы шөптерде болып, ондағы жайларды газетке жазуым керек еді. Оған тек атпен ғана жетуге болатын. Сондықтан, мен дивизия командирі, полковник Вещезерскийге жолығып, бір ат пен жолбасшы беруін сұрадым.

Полковник Вещезерский өте қызық адам екен. Екеуіміз достасып кеттік. Ол туралы мен сіздерге, басқа бір реті келгенде айтармын. Бірақ, ол өте әзілқой екен.

— Жарайды. Мен сізге өз атымды берейін,— деді ол,— бірақ, сіз атпен жүре аласыз ба!

— Жүргенде қандай,— дедім мен.

Әрине, оным мақтаныш еді. Бала күннен мен атқа салт жүрген жоқ едім. Деревня аттарын түнгі жайылымға шығарғаным болмаса, Деревня аттары жуас келеді ғой. Ал, полковниктің аты қандай екенін, әрине, мен білгенім жоқ. Оны Оқ деп атайды екен, содан басқа ешқандай сырын білгемін жоқ.

Жарты сағаттан кейін, мені бастап апаратын Нуртаев Нұрқан деген солдат Оқты жетелеп алып келді. Мен оны көргенде, зәрем ұшты.

Ол қарға қанатты, қап-қара, өдемі, құтырынып тұрған жас мал екен. Жүрісі селтең!

Полковник жымып күлді де, кетіп қалды. Онысы жақсы болды. Әйтпесе, масқара болатын ем!

Әйтеуір Нұрқанның көмегімен Оқтың үстіне бір шықтым. Сол-ақ екен, жерге топ ете қалдым. Оқ мені ерден қалпақша сілкіп тастады.

— Жоқ, Нұрқан, мынау ат маған лайықты емес екен. Кәне, достым, айырбастайық,— дедім.

Ал, Нұрқандікі кішкентай көк айғыр болатын. Ол, өзім баяғыда түнгі күзетке мініп шығатын аттар сияқты, жуас, момын жылқы екен.

Нұрқан бұған келісе кетті. Ол жас жігіт болғанмен, ысылған кавалерист екен. Сірә, ол полковниктің асып тұқымды атына мінуді көптен арман еткен шығар. Өйткені, ол дивизиядағы ең жақсы ат қой! Оның үстіне, Оқтың арқасында офицер ері жайнап тұр ғой. Ал, көк айғырға кәдімгі солдат ері ғана ерттелген.

Иә, сонымен. Мен өзімнің Көгіме міндім. Ат та, оның үстіндегі ері де маған қатты ұнады. Ері жастық сияқты: отыруға ыңғайлы-ақ, офицер ері сияқты селкілдетпейді. Ол, мейлі нағыз офицердікі болмағанмен, жай ер деген анағұрлым жақсы. Әрине, әркімге әрқалай ғой. Нұрқанға офицер ері ұнады. Өйткені, ол нағыз кавалерист қой. Ал, мен болсам, шалағаймын.

Біз онымен бірге батальондарды, роталар мен взводтарды үш күндей аралап жүрдік. Ой, шіркін, сол жерлердің сұлуын айтсаңшы! Әрине, ол Қырым да, Кавказ да емес. Бірақ солтүстіктің табиғатында кәрпі де қуатты, сонымен бірге, ғажап сұлу бір нышан бар. Егерде, сіздер туристік саяхатқа шықсаңыздар, сөзсіз, сол жерге барыңыздар. Оны табу оп-оңай. Мурманскіге дейін барасыздар да, Кольскі шығанағын кешіп өтіп, тауларды асып, Батыс Лица өзеніне қарай тартыңыздар.

Оны көрген соң маған ренжімейсіздер! Көлдеріндегі балықтың көбін айтсаңшы! Ал, бүлдіргені ше! Бүлдірген бүкіл даланы алып жатыр. Сонымен бірге, онда Карельдің қалың қайың тоғайлары көрінеді. Қайыңдары аласа болғанымен, егерде сол тоғайға алыстан көз жіберсеңіз, ол сабақтарын әктеп қойған бейнебір алма бағына ұқсайды. Ал, тауларының өсемдігі қандай! Сіздер, мүмкін, 378,3 биіктігін табарсыздар. Вещезерский дивизиясының штабы сонда болған. Ұмытыпмас бірнеше апта уақытымды мен сол жердегі шың-құздардың арасында от басында өткізгемін. Полковниктен және оның комиссары Орловтан мен қанша қызық әңгімелер естідім. Сол биіктікке тәжім етіңіздер. Ол біздің жанымызды неміс бомбардировщиктерінен сақтап қалды. Сол биіктікке құрылған шатырдың ішінде отырғанда август түндері бір түрлі жып-жылы сияқты сезілуші еді...

Оған талай уақыт болды. Мейлі өнді қайталамай-ақ қойсын.

Бірақ, мен негізгі ойымнан ауытқып кетіппін ғой. Сонымен, біз үшінші күні кешке таман кейін қарай қайттық. Мен Көк атқа мініп алда, Нұрқан артта келе жатыр. Кез келген әңгімені айтысып келеміз. Тұн тымық, жып-жылы. Шалғай бір жақтан самал өсіп

тұр. Ол Мұхит ызғарының салқын лебі екен. Күн ыстықта жаныңды жай таптырады.

Кешікпей ай туды. Дәл сол мезетте біз едәуір хауіпті кезеңнен өттік. Оң жағымыздағы құздардың арасынан терең бір жар байқалды. Жардың батыс жақ шетіндегі таудың үстіне фашистер зеңбіректерін құрып тастап, біздің бөлімшелердің Батыс Лицаға қарай жүретін жолын атқылап жатқаны мәлім болды.

Әрине, екі аттылы үшін, немістердің соншама оқ шығара қоймайтыны белгілі. Бірақ, сөйткенмен біз аттарымызды айдаңқырай түстік. Сол-ақ екен, біздің дәл қарсы алдымыздан шұбатылған атты керуен көші ұшыраса кетті. Олар алдыңғы шепке снарядтар мен патрондар тасып жүр екен. Керуенді немістер, сірә, байқап қалғанға ұқсайды. Іле алыстан зеңбіректер гүрсілдеп, жолдың сол жағына да, оң жағына да снарядтар келіп түсіп жатты.

— Көкті айдаңыз! — деп дауыстады Нұрқан.— Енді олар біздің үстімізден түсіреді.

Мен атты тебініп қалып едім, шоқыта жөнелді. Оққа әдейілеп басыңды тосу — ақмақтық. Жауға тегіннен-тегін жан беру ерлікке жатпайтын іс.

Көк барынша шапты, ал Нұрқан оны әдейі арттан шықпыртып келеді. Қаттырақ шапсын десе керек.

Со бетпен біз он бес минуттай шапқан шығармыз. Оқ менің Көгімді алқымдап келеді, Көк ат оның аз-ақ алдында. Біз жардан мана-ақ ұзап кеткенбіз, зеңбіректер де атуын тоқтатқан, бірақ, сонда да шауып келеміз. Ол шабуымыз әшейін. Үйге тезірек жетсек дегендік.

Кенет бір кезде менің кеңірдегімді қызған темір қиып бара жатқандай болды. Әуелі мен ештеңе білмедім. Өткір темір тәрізді бірдеңе кеңірдегімді тіліп бара жатқанын ғана сездім, ал егерде сол сәтінде дереу атты тоқтатпасам, сол ыстық, өткір, темір сияқты нәрсе менің тамағымды қиып, басымды қағып түсіретін еді.

Осы ойды сезе қалған Көк дереу тоқтады. Тоқтағанда, шауып келе жатып тоқтады. Алдыңғы тұяқтарымен жерді қаза-маза еңкейіп тұрып қалды, мен ерден ұшып түстім. Бұл сапарда осымен екінші рет құладым. Алғашқы жолғы құлауым әшейін, өзімнің



атқа жақсы міне алмауымнан еді. Ал, екінші жолы едәуір хауіпке байланысты құладым.

Алайда, соның бәрі қас қаққанша болды.

Нұрқан Оқтың үстінен қарғып түсіп, менің қасыма келді.

— О не болды! — деп сұрады ол абыржып.

Менің ештеңе деуге мұршам келмеді. Мойынымды түгеп қан басып кетті. Қан гимнастеркама да жайылды. Әрі бұл қатерлі сәтті бастан кешіп, әрі қан тоқтамай, мен кенет әлсіреп қалдым. Бір кезде көзімді ашсам, тамағым байлануы, алдымда жүресінен Нұрқан отыр.

— Не болды? — деп сұрадым мен.

— Жаман іс болды. Сіз байланыс сымына келіп киіп кеттіңіз. Оны бір ақмақ дәл жол үстіне құрыпты. Күндіз сіз сымды көрген болар едіңіз, ал түнде ол көзге көрінбейді. Және өзі жаңа ғана құрылған сым сияқты. Егерде Көк тоқтамағанда, сізге жаман болатын еді.

Майданда мұндай оқиғалар болып тұратын. Кейде мотоциклші, кейде салт аттының байланыс сымына киліккені жайлы көптеген әңгімелер тарайтын. Ондай оқиғалардың ақыры қашанда сәтсіз бітетін. Егерде Көк ат болмаса, мен де соның кебін құшатын ем.

Аттың кілт тоқтауына не себеп болды! Әлде, қараңғыда мен көрмеген сымды ол көрді ме! Әлде, жай бір хауіп-қатерді сезіп тұра қалды ма!

Әйтеуір, не болса, о болсын, мұның ақыры жай бір тыртықпен ғана бітіп, ол кешікпей жазылып кетті.

Содан бері мен тек қана Көкпен жүретін болдым. Және әр сапардан келісімен оның сүйкімді тұмсығынан сүйіп алатынымын.

Бірақ, басқа жерге ауысып, өзімнің адал досым Көк атпен қоштасар кезім жеткенде менің ішім қатты ашыды.

* * *

Енді тағы бір аттың жайын айтайын.

Бұл соғыстан кейін болған еді. Мен деревняда тұратынымын. Көктем мен күзде ол жерде еш көлікпен жүруге болмайды. Тек салт қана жүруге болады. Бірақ, жиі жүріп-тұру қажет болатын. Жазушының істейтін жұмысы аз ба! Біреумен сөйлесіп, біреуден бірдеңе сұрау, көрші колхозға барып, оның шаруашылығын көру қажет боп қалады. Сондықтан маған уақытша мінуге колхоздан асып тұқыммен шала бұдандасқан бір торы биені берді. Оны Снежинка деп атайды екен.

Әрине, сіздер торы атты неге Снежинка деп атаған деп сұрайсыздар. Оны менің өзім де түсінбей едім. Маған кейін түсіндірді. Бақсам, бәрі әшейін екен. Асыл тұқымды жылқыдан туған құлынға ат қойғанда, әдетте, оның атының бас әрпі енесінің атының бас әрпімен сәйкес келетіндей ат қояды. Ол әдетке айналып кеткен. Снежинканың енесін Соколица деп атайтын. Оның құлынын Снежинка деп атады.

Шынын айту керек, бұл ат оның өзіне өте лайықты қойылған. Ол ширақ, әдемі, әрі өте жүйрік болатын. Аспанға жел ұшырған ұшпа қардай еді.

Снежинка ойынды өте жақсы көретін. Біз келе жатып, мен бір өлең айтып ем, Снежинка құлағын тігіп, әннің ырғағымен аяғын ширақ басты. Әсіресе, оған менің өзімнің атына арнап, жолшыбай шығарған өлеңімді қатты ұнатты. Өзінің атын естігенде, Снежинка кішкентай, сұлу басын селтеңдетіп, көзінің қырымен қарап қойды.

Сөйтіп, біз жарты сағаттай жол жүріп едік. Бір кезде, онша да, мұнша болмай, Снежинка жерге жата кетті. Бірден жатпай, ақырын бүгіліп барып жатты. Мен оны балағаттай бастадым, ал ол тіпті оған құлағын да аспайды. Екі-үш минуттай жатып, қайта

жүреді. Сөйтіп, бүкіл жол бойы бес рет осылай етті.

Оның мұнысы әуелі маған қызық сияқты көрінді де, мен оған онша мән бере қоймадым. Артынан ол мені жалықтырды. Снежинканың бар мінезі өзіме мәлім, қазір-ақ енді ол бұл әдетін доғарар деп ойладым. Сонда да болса тізгінін қатты тарта ұстадым. Снежинка, енді жата алмасын білген соң, ашуланып басын шайқады. Бірақ, ол өзінің бұрынғы ойынан қайтпады. Мен ойға батып, тізгінді босатып жіберсем болды, Снежинка өзінің манағы сүйген қалжыңын қайта бастайды.

Хайуанатты еш уақытта ұруға болмайды. Жалпы, жазаның қандай ауырын қолданғаныңмен, одан өзіңе өшіктіруден басқа түк пайда таппайсың. Әрине, кімді жазапасаң, содан пайда таппайсың. Естеріңізде болса, біздің ұлы Маяковский ақын өзінің «Жақсы деген немене, жаман деген немене!» деген кітапшасында:

Сотқар бала ұрса егер,
Өзінен әлсіз баланы,
Ондайды ақын кітапқа
Кіргізбей де қояды.— деп жазды.

Тілсіз хайуанды ұру деген бәрібір әлсіз баланы ұрғанмен бірдей. Өйткені, хайуан саған дәл өзіңше жауап бере алмайды ғой. Егер балалар ит пен мысықты ұрып немесе қинайтын болса, көгершінді өлтіретін болса, онда, әрине, онысы тым өрескел, ұят, әрі жиренішті.

Снежинканың ойыны мені қатты реңжітуге айналды. Мен оны екі-үш рет шықпыртып үйретіп те алар едім. Бірақ, мен бұл тәсілден біржола бас тарттым. Сөйткенмен де, өзін үйреттім және оп-оңай жолмен үйреттім. Снежинканың өзі мені қалай алдаса, мен де солай еттім. Мен терең ойға батқан адамға ұқсап, жан-жаққа жалтаңдап қарай бердім, бірақ, бар аңдыған-баққаным Снежинка болды. Оның жатуға ыңғайланып келе жатқанын білсем «әһп» — деп тізгінді қатты тартып қаламын, сол кезде Снежинка өзінің алған бетінен амалсыз қайтады. Мен осы «әдісті» он шақты рет жасаған шығармын. Снежинка ашуланды, бірақ мен жібіген жоқпын. Ақыр аяғында ол жеңілді. Шамасы, адамды алдай алмайтынын сезді білем. Содан кейін ол бұл қалжыңын қайталамады.

Сөйтіп, енді басқа ермек жасауды ойлады.

Мен жолға мінбеген кезде, Снежинка атқорада тұратын. Кейде жауын болып немесе басқа бір себептермен, біз екі-үш күндей сапарға шықпай қалатынбыз. Снежинка тұрудан жалыққан соң, оны қорадан босатып қоя беретін. Со кезде оның секіріп, ойнақшуын көрсең! Құйрығын шиыршықтап иіріп алып үй айнала соқпақ жолмен құйғытып шабады келіп. Он шақты рет айналып, шаршаған соң, ас үйдің есігі алдына келеді де, тұяғымен жер тарпып тұрады. Мен оның мұнысы не екенін еш түсінбей қойып ем. Артынан білсем, үй қызметші әйел бір жолы оған сәбіз берген екен. Снежинкаға сәбіз соншалық ұнап кетсе керек, ол бой жазып шапқылап келгеннен кейін, ас үйдің алдына келіп, қашан үй ішінен біреу тысқа шығып, сәбіз бермейінше, тұяғымен жер тарпып тұрып алуын қоймады. Егерде үйден көпке дейін ешкім шықпаса, Снежинка ашуланып кісінеуді бастады.

Ал, бір жолы кісінегенге де болмаған соң, Снежинка ас үйге өзі кіріп барды. Оның биік баспалдақтан қалай жүріп жеткеніне менің осы уақытқа шейін таңым бар. Мұндай өнер тек қана әдейі үйреткен, цирк аттарының ғана шамасынан келеді. Бірақ, ол баспалдақпен шығып, сенекке кіреді, тұмсығымен ас үйдің есігін итерсе, есік ашылып кетеді,


сөйткенше болмай іштен Снежинканың ұзын тұмсығы көрінді.

Біз шек-сілеміз қатқанша күлдік.

Бірақ, күлкінің жөні бір басқа да, енді оны ас үйден сыртқа шығарып жіберу керек қой. Сенекте оның бұрылатын жері жоқ. Арт жағымен баспалдақтан түсуге қорқады. Әрі-беріден соң біз де қорықтық. Өйткені, баспалдақтар онша қалың тақтайдан жасалмаған еді. Снежинка құлап түсіп, аяғын сындырып алуы мүмкін. Сондықтан, бірнеше тақтайды алып шегелеп, үстіне берін беттік тақтай қақтық. Сол мықты тақтайды біз басқыштың үстіне салдық, сөйтіп басқыштың тым құламалы тік болмауын қарастырдық. Тек осындай әдіспен ғана біз Снежинканы төмен түсірдік. Осы іспен біз екі сағаттай айналыстық. Ал, Снежинка бұл кезде сенекте бізге ойлы шағыр көздерімен қарап тұр еді, онысы:

— Бәлем, сендерге жұмыс тауып бердім бе! — дегендей, бізді мысқылдап тұрған көзқарас сияқты көрінді маған.

Бірақ, сәбіздің хикаясы мұнымен біткен жоқ. Жаз келді. Снежинканы мен түнде далаға жайып жібере алмадым. Өйткені, оның мінезі өте шайпау еді, шайқаспаған аттары қалмады. Мейлі адам болсын, хайуан болсын, сотқардың ісі қашанда өзіне сор. Ақыр аяғында келіп, қашанда көресіні сотқардың өзі көреді. Снежинка да осындай кепке ұшырады. Аттар көпке дейін оның қияңқы істеріне төзіп келіп еді, бірақ, бір күні өзінің сазайын тартқызды: ол түнгі жайылымнан артқы бір аяғын ақсатып келді. Снежинканы емдеп жазды, бірақ, енді түнде бос жіберуге тиым салды. Мен оны түнде қорадан босатқанда, аяғын тұсап, қақпаның сырт жағына жіберетін болдым. Онда оты мол көдімгідей жайылым бар еді. Ол сол жерде жайылды. Сыртқы есікті түнде мен ашық тастадым. Ондағым Снежинка келсе, аулаға кірсін дегенім еді. Мен таң ата тұрып, оны қораға енгіземін. Сөйтіп сегіз күндей уақыт өтті. Бір жолы мен сәбіз жүйектеріне күн сайын түнде ұры түсетінін байқап қалдым.



Таңертең бақшаға барсам, ғажап қаламын! Айнала бәрі со күйі, ал сәбіз жүйектерінің беті бейнебір дауыл соққандай.

Балалардың сәбізге бола бақшаға түсуі мүмкін емес. Олардың әрқайсысының да бақшасында сәбіз дегенің жұрт алғысыз. Көршілеріміздің шошқалары да бізге келмейтін. Ал, сөйткенменде, жүйектерге түсетін шошқалар тәрізді: бәрінің астан-кестенін шығарып, таптап кетеді, әр түнде бір жүйектің үштен бір бөлегі тып-типыл болады!

«Осыны істеп жүрген Снежинка емес пе екені!» — деп ойыма келді. Сөйтіп, оны бақылауға алдым.

Бие қандай айлакер десеңізші! Үйде шам жанып тұрған кезде, ол жайымен далада оттап жүреді. Мен жұмысымды бітіріп, электр жарығын сөндірдім дегенше, Снежинка аулаға келіп сүңгіп кетеді, сонан соң сәбіз жүйектеріне барады, сөйтіп, ойран-асыр той болады.

Кейіннен Снежинка құлындады. Ол бір ғажап қызық ұрғашы құлын болды! Бірнеше күндей ол аяқтанбады. Сонан соң тұруға айналды, тұрғанда құлап қалам ба дегендей үреймен қалт-құлт етіп әрең тұрады. Оның аяқтары балдақ сияқты, иіліп бүгілмейтін, үнемі жан-жағына жайылып кететін. Құлынның аяғы астында жер емес, мұз жатқандай тайғанайтын. Снежинканың енді ойнауға мұршасы келмеді. Күні ұзаққа қызын алдандырумен болды. Біресе оны емізіп, біресе тілімен оның тықыр жылтыр терісін жапайды. Құлын өсе келе нағыз жұлынғырдың өзі болды. Қысқасы, аумаған енесі болды да шықты.

Снежинканың қызына біз Славная деп ат қойдық. Айтса, айтқандай шынымен ол, өзінің ойыншылдығы болмаса, нағыз сүйкімді, даңқты құлын болды. Жолдың бар, жоғына қарамастан, бақшаның ішінде шапқылап кішкентай тұяғымен бәрін таптап, бүлдіріп, істен алғысыз қылды.

Ол, әсіресе үйдегі екі итпен ойнауды жақсы көруші еді. Ол иттер жайындағы әңгімені мен кейін айтамын. Иттер құлынды қуып, құлын олардан жаны қалмай қашатын. Иттер шәуілдеп, кейде қуып келе жатып тоңқалаң асатын, ал Славная бір түрлі қызық, шолақ құйрығын бұлғалап, желдей есетін... Ой, олар дамылсыз ойнап менің талай зықымды кетірді ғой. Тіпті, күштеп қуып айырмаса болмайтын еді. Славнаяны қораға енесінің қасына қамап тастап, иттерді үйге алып кіретінбіз. Егерде, мен иттерді аулада қалдырсам, олар қораға барып, дауыстары қарлыққанша үріп, Славнаяны ойнауға шақыратын.

Славная енесі сияқты, сәбіз бен қантқа құмар болды. Ас үйдің алдында тұрып, тәтті сұрауды оған Снежинка үйретті. Бірақ, бұнысы әлі ойыншық еді. Егерде, енесі үйге басын бір-ақ рет сұқса, құлыны одан еткен ширақ болды.

Ас үйге кіре беріс есік биік, тік сатылы еді. Әрине, Славная одан ішке кіре алмады. Бірақ, әккі болған Снежинка қызына үйге кіретін хауіпсіз бір есік тауып берді. Біздің іштегі кішігірім жаппаға бару үшін үш-ақ баспалдақ тұратын. Ол баспалдақтар жатық, әрі кең еді. Ал, жаппадан тура үйге кіруге болатын.

Бір күні кабинетте жұмыс істеп отырғамын. Үйде жан жоқ, бәрі өзенге суға түсуге кеткен. Ас үйдің маңынан Снежинканың шыдамсызданып кісінеп тұрғанын естідім, оның не сұрап тұрғаны белгілі, бірақ оған шығуға менің уақытым жоқ. «Жарайды, ештеңе бермесе де болар», — деп ойладым.

ЛАҒЫН ҚОРҒАҒАН КИІК

Күн көк жиіктен таяқ бойы көтерілгенде, біз алдымыздан ұзыннан-ұзаққа созылып көлденең жатқан құмдақ белеске келдік. Белестің үстіне шығып едік, ар жағы иленген қамырдың бетіндей болып жатқан ойлы-жоталы, аласа төбелі, әр жерде бір шұқшия біткен майда сексеуілі бар құм дала екен. Құм далаға көз жүгірттік. Бір шақырымдай жерде қызғылт сары түсті бірдемелер қараңдағандай болды. Мен қуанғанымнан қасымдағы жолдасыма:

«Әне жүр! Босат жетектегі тазыны!» деп айқайлай жаздадым. Бірақ, аңдарды үркітіп алатындығым есіме түсіп, тілімнің ұшына жиналып келген одағай сөздерді ерніммен бөгей қойдым. Жолдасым маған қарағанда тәжрибелі аңшы еді. Ол менің айқайлап жібере жаздағанымды бет әлпетімнен сезе қойып «үндеме! Тықыр сездірме!» — дегендей белгі берді. Жанағыларды анықтап қарай келгенде, қаннен қаперсіз жайылып жүрген үш киік болып шықты. Жетегіміздегі тазы біздің бірден кідіріп қалғанымызды көріп, сезіктенгендей жан-жағына мойнын созып алақтап тұр. Аздан кейін оның да көзі киіктерді шалып, алға қарай «жіптен босат!» дегендей жұлқынып, қыңсылай бастады. Оны бірден жібере қойғанымыз жоқ.

Өйткені, бізге киіктер жүрген жер тазы ко-суға әлі қашықтау көрінді. Бұқпалап ойысқа түсе бергенімізде киіктер бізді сезіп қалып, дүрілдеп қаша жөнелісті. Сол мезетте тазыны жіптен босатып жібердік. Қашқан үш киіктің бірі төбенің үстіне секіріп шықты да, жалт бұрылып артына едірейіп қарап тұрып қалды. Оның соңына ерткен лағының бар екендігін енді байқадық. Әлгі киік кішкене ұзын сирақ лағын күтіп алды да, қашқан екі киіктен бөтен бағытқа қарай бет түзеді.

Бұрын аң ұстап дәнйіккен жүйрік тазы да киіктің соңына түсіп окша зымырады. Бала киік енесінің соңына ілесе алмай барады. Ал, енесі болса, лағын әр жерде бір күтіп, тазыны жақын жіберіп алды. Тазы лаққа жетті-ау деген кезде енесі шұғыл бұрылып қуғыншының өзіне қарсы ұмтылды. Ол едірейе қарап, тазыға сес көрсетті. Қан майданға тәуекел етіп өзіне қарсы ұмтылған киікті бас салуға батылы жетпей, тазы бір орнында қалт тұрып қалды. Лағын өлімнен қорғау үшін жанталасқан киікті аядық та, біз тазыны өзімізге кері шақырып алдық.

Қ. Сапарбаев.

Артынан үні өшіп еді. Кенет, ауыз үйден бір дүрсіл естілді.

— Жарайды, өзеннен қайтқан үй іші шығар,— деп ойлады.

Сөйтіп, жұмысымды істеп отыра бердім.

Ал, мен отырған кабинеттің есігі ауыз үйге шығатын, үйдің бар есігі сияқты, ол да ашық тұр еді. Күн ысып, үй іші қапырық боп, жұмыс істеуге қиын болған соң, мен есік пен әйнек атаулының бәрін шалқасынан ашып тастағанмын.

Ауыз үйдегі дүрсілге құлақ та аспай, машинканы тырсылдатып басып отыр ем. Әлденеге амалсыз жалт қарадым. Сонда не көрді десеңші! Құлын ас үйді, ауыз үйді аралап шығып ешкімді кездестіре алмаған соң, менің кабинетіме кіріп келіп тұр. Ас үйдің алдында қашан сәбіз, не қант береді деп күтіп тұруға жалықса керек. Үйге өзі кіріп алғысы келіпті.

Ол аяғын талтайтып, жылы ұшырап құйрығын бұлғаңдатып, бөлменің дәл ортасында тұр.

Ал, оған не істеуге болады! Өйткені, ол бала ғой. Рас, тегі адам емес, бірақ арасындағы айырмашылықтары шамалы.

Мен күліп едім, Славная батылданып, жазу столының қасына жақындап келді, сөйтті де, менің көзіме бір түрлі мейріммен қарап еді, оған менің ренжуге дәтім бармады. Өзінің бар керегін алған соң мен оны үйден қуып шығардым. Бірақ, жаппаға кіре берісте Снежинканың тұрғанын көргенде мен бұрынғыдан бетер таң қалдым.

Осы шаққа дейін мен: «қалайша ол өзі істегенінің бәрін Славнаяға үйрете алды!» — деп ойлап, қайран қалушы едім.

Ол да болады екен!

Со кезден бастап құлын ас үйдің алдында күтіп тұрмады. Егерде ауыз үйдің есігі ашық болса, салып кіріп, маған келеді, өйтпесе асханаға барады.

Және есіңізде болсын, бір тәтті жемей ешуақытта үйден шықпайды!



М. Бейсенбаева,

Л. Саридуллина.

БИШІ ҚЫЗ

ОЧЕРК

Поезд Орал қаласына қарай жүйткіп келеді. Вагонның терезесінен сыртқа ауық-ауық қараған келіншектің жүзі сынық. Анда-санда ауыр күрсінеді де, қасында ұйықтап жатқан тұлымшашты 7—8 жасар қызға еміренеді. Тағы да үнсіз терезеге қарайды. Өткен күндерін есіне алады. Жаңа табысып өмір құра бастаған сүйген жарының өлім үстінде жатып:

— Жалғызымды оқыт, қатарынан кем қылма. Өнерлі бала болып өссе екен деп армандайтын ем,— деген сөзін іштей қайталайды.

Айқайлай ышқынып тоқтай қалған паровоз ғана келіншекті ұзын арқандай созылған ойынан сергітіп жіберді.

Орал қаласына келісімен келіншек нан зауыдына жұмысқа кірді де, Мәриямды уақытша балалар үйіне орналастырды...

— Алақай, бүгін кешке болатын көркем-өнерпаздардың ойынына тәрбиеші апай бәрімізді де апаратын болды,— деп бөлмеге қуана кірген Күләштің үні Мәриямның құлағын селт еткізді.

— Ол ойын қайда болады екен?

— Өзіміздің клубта,— деді Күләш бұрынғысынан бетер шаттанып.

— Мені тастамай ертіп барасыздар ма? — деді Мәриям тағы да ежіктеп.

— Әрине, бәріміз барамыз,— деп Күләш сандығын ашып, судай жаңа коңыр көйлегін алды. Көркемөнерпаздардың ойыны дегенге жөнді түсінбесе де, құрбысы қуанып жүргеннен кейін Мәриям да қуанып кетті.

Балалар үйінің клубы адамға лық толған. Сахнада Мәрияммен бірге бір бөлмеде жататын қыз билеп жүр. Ол үстіндегі дәкеден тігілген ақ көйлектің етерін екі қолының саусақтарымен еппен ұстап шыр көбелек айналғанда, бір түрлі әсемденіп кетеді. Жұрт ду қол шапалақтайды. Мәриям да қолын ұрады. Сахнаға шығып тақпақ оқыған кара бала да жайдағыдай емес, шиыршық атып тұр. Осы көріністердің барлығы да балалар үйіне жаңа келген Мәриямды қатты қызықтырды. Ойын-сауықтан қайтып келе жатып қасындағы Күләшқа:

— Менің биші болғым келеді,— деп балалық көңілінің бар сырын айтты. Өз ойын айтарын айтса да, бірақ,— биші болсаң несі бар, боласың,— деген Күләштің сөзіне мән бермеді. Өз ойымен өзі болып жатақханаға қалай жеткенін де білмей қалды.

Ақ дәкеден тігілген әдемі көйлек Мәриямның көз алдында шыр көбелек айналды да тұрды.

Ертесіне сабақтан келгеннен кейін қыздар тамаққа кеткенде кезекші болып бөлмеде қалып қойған Мәриям өзі кеше түнде сахнадан көрген биді билегісі келді. Төрдегі шар айнаның алдында тұрып алып қимылдар жасады. Өз қылығына өзі күлді. Осы кезде қыздар тамаққа тегіс кетті ме екен — деп, есікті ақырын ашқан тәрбиеші айна алдында нешетүрлі қимылдар жасаған Мәриямды көрді де, есікті қайта жаба қойды.

— Е, қызым, биші болғың келеді екен,— деп іштей күбірлеген тәрбиешінің сөзін Мәриям естіген жоқ...

— Қызым, мен сені биге үйреткім келеді, бұған қалай қарайсың? — деді бір күні балетмейстр Евгения Петровна Бах Мәриямды өз кабинетіне шақырып алып. Өзінің көңілінде көптен жүрген арманының үстінен шыққан бұл кісіге Мәриям қарсыласқан

жоқ. Алғаш не деп жауап берерін білмесе де, ойланып тұрып:

— Евгения Петровна, менің би үйренгім келеді,— деді. Қарт ұстаз жап-жас қыздың өжеттігіне, ықласына риза болып, оны би үйірмесіне мүше етіп алды.

Арада бірнеше жыл өтті. Евгения Петровна Бах үйреткен «Инелік» биі Мәриямды би өнеріне батыл бастады. Ол мектеп аралық олимпиадаларда да талай рет өнер көрсетіп, ылғи да алғашқы орындарға ие болып жүрді. Әсіресе, цыган биі мен қытай биі Мәриямның орындауында жұртшылықтың ризалығына бөленді...

— Алматыда болатын республикалық жастар мен студенттердің фестиваліне баратын болдың, қызым, құттықтаймын,— деген пансиондағы 7-класстың тәрбиешісі Қанзила Молдашеваға Мәриям нендей алғыс айтарын білмеді. Кеше облыстық фестивалда Люся екеуі «Қазақ вальсіне» билеген болатын. Бірақ, жюридің қортындысын әлі естіген жоқ-ты. Ылғи да өзіне жылы жүзбен қарайтын тәрбиеші бүгін күндегіден де мейірімді секілді. Мәриямның көз алдында өзі география пәнінен оқып танысқан Алатау баурындағы әсем Алматы елестеді. Қиял құсы самғап кетті.

...Алматының Максим Горький атындағы демалыс паркінің ішінде қыдырушылар күндегіден әлдеқайда көп сияқты.

Парктегі ашық эстрададан Батыс Қазақстан облысының жастары өнер көрсетеді деген диктор даусы Мәриямды қатты толқытты. Қасындағы Люсяның жүзіне қарап еді, ол да үнсіз тұр екен.

— Би, «Қазақ вальсі». Орындайтындар Орал қаласындағы 11-мектептің 6-класс оқушысы Мәриям Бейсенбаева мен 1-мектептің 9-класс оқушысы Люся Сағидуллина.

Жеңіл екпінмен «Қазақ вальсі» толқи жөнелді. Вальстің ырғағымен үнсіз ырғалған екі жастың жүзінде күлкінің нышаны бар. Бақытты жастықты мына би де, қыздар да пәш еткендей. Ду соғылған алақандар бүкіл бақ үшін жанғырықтырып жіберді. Билеп біткен соң сахна артына жүгіре шыққан Люся өзінің кішкене досын қатты қысып бетінен сүйіп алды. Бұл өнер қуанышының сыртқа тепкен оты еді...

...Күздің шуақты күндерінің бірі. Есік қақты да, рұқсат деген сөзді күтпей-ақ хат тасушы қыз бөлмеге ене берді.

— Кел, қызым, жоғары шық,— деді ертеңгі жұмысқа асығыс киініп жатқан Жәмилә жеңгей.

— Рақмет, апай, билей алатын ба едіңіз, сізге қызыңыздан телеграмма келді,— деді хат тасушы қыз жүзіндегі қуанышын жасыра алмай, толқи күлімдеп.

— Қане, қарағым, телеграмма ма, хат па, мен үшін Мәриямның өзі саған билеп берер,— деді Жәмилә жеңгей өзінің билей алмайтынын мойындап.

— Жарайды, оған да келісемін. Ертең таңдағы поезбен келе жатыр. Бірақ, уәдеңізде тұрыңыз. Мәриям Ленинградтан келісімен менің бұл тілегімді орындар деп сенемін,— деп қыз бір бүктеулі телеграмманы Жәмилә жеңгейдің қолына ұстатып шығып кетті.

...Алматыдағы өткен республикалық фестивалда жеке биден бірінші орын алған Мәриям мен Люся осыдан біраз күн бұрын пионерлердің одақтық слетіне шақырылған болатын. Олар бұл сапарында да, мұның алдында да Москвада болған.

Вагонның терезесіне қадалып, екі қыз қуана күлімдейді. Екеуінің де кигені қазақша тігілген етік, желбегейлі көйлек. Бастарында Ленинградта 48-балалар үйінің клубында «Қазақ вальсіне» билеп шыққаннан кейін сыйға берілген өзбек такиялары.

— Люся, мектепке барғанда қыздар Ленинград туралы сұраса, не айтам,— деді Мәриям бір кезде.

— Не айтушы едің, көрген-білгеніңнің бәрін айт. Әсіресе, әнеүгүңгі шетел пионерлерімен кездесу туралы толық айтып бергенің жақсы.

Поезд Орал қаласына жақындап келеді. Перронға Жәмилә жеңгеймен бірге Мәриям мен Люсяның оқытушылары да, тіпті оқушылар да жиналып қалыпты.

Енді бір сәтте Мәриям мен Люся өз жақындарының құшағында тұрды...

Т. Ғалиев.

Орал қаласы,
Он бірінші қазақ орта мектебі.



АЛМАТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰЛАНДАРЫ

1923 жылдың ноябрь айы. Қазіргі Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының үйінде Верный (Алматы) қалалық партия ұйымының коммунистерінің жалпы жиналысы өткізілмек. Жиналысқа коммунистермен бірге қаланың бір топ жас ұландары келіп залдың орта шенінен жұбын жазбастан орын алды. Зал әбден толды-ау деген мезгілде мойнына қызыл шүберек таққан, ұзынша келген бір жас жігіттің басқаруымен балалар жаппай қосылып ән айтты. Әлден уақыттан кейін ән тоқталып, оның орнына қосылып айтылған «Смена — смене идет», «Жұмысшы және шаруалар көсемі, большевиктер партиясы жасасын!» деген ұрандар залдың ішін күңгірентіп жіберді. Сәлден соң жастар тағы да әдемі әнге басты.

«Қою түн алаулай түс жалынменен,

Біз пионер — ұланы жұмысшының»... деп «Ванька» өлеңдерін айтып, балалар жұптарын жазбастан залдан шығып кетті. Жас ұландардың бұл ісіне қарттар қатты қуанысты, ырзашылықтарын білдірді.

Міне, бұл астанамыз Алматыда Некрасов атындағы мектептің (қазіргі 10-мектеп) жанынан ашылған тұңғыш пионер отрядының жиылысқа келгендерге қойып берген бірінші концертті болатын. Мойнына қызыл галстук тағып, хорды басқарып тұрған ересектеу бала Түркстан Коммунистік жастар Одағының Орталық Комитетінің тапсырмасымен Алматыға пионер ұйымын құру үшін келген Александр Гаркушенко еді. Ол қазір отставкадағы подполковник, Өзбекстан республикалық саяси және ғылыми білімдер тарататын қоғамының жауапты секретары болып істейді.

Тұңғыш пионер отрядының мүшелері: Васильев А., Штинов И., Пуркин, Мария, Ольга Андреевалар, Саня Григорьева т. б. болды. Отряд дабылы, оның партия жиналысында көрсеткен өнері қала халқының арасына тез тарай бастады. Оның қатарында ересек балалардың да, кішкентай балалардың да болғысы келеді. Әрбір ата-ана да осыны тілейді. Кейбір ата-аналар пионер отрядтарына өз балаларын октябрат етіп өткізуді қатты өтінді. 1920 жылдан ВЛКСМ мүшесі, қазір пенсионерка Зоя Сафонкина

жолдас өзінің естелігінде: «Бір әйелдің өз баласын октябрат етуді жалына сұрағаны әлі есімде, — дейді. — Әрине, біз қарсылық білдірмедік. Баланы октябрат етіп алу үшін барлық пионерлер салтанатты сапқа тұрды. Әдет бойынша үлгілі звено алдыңғы қатарда тұрып октябратты тізімге тіркеді. Одан кейін звено өзінің октябратына қамқорлық жасаймын деген сенімін білдіріп, ата-анасына баласының қызыл галстугін, значогін және «Вова Габришон біздің отрядтың пионері» деген куәлік қағазын беріп, оларды үйіне дейін шығарып салды.

Қалалық пионер ұйымы тез өсті. Бір жылдың ішінде пионер отрядтарының саны 14-ке жетті. Қазақ, донған, ұйғыр, татар балаларының да пионер отрядтары құрылды.

Алғашқы пионерлердің бірі — Андреева А. өзінің естелігінде: «Ең үлгілі отряд болып есептелінетін почта-типография конторының қызметкерлерінің балаларынан ұйымдасқан 4-пионер отряды еді, — дейді. — Пионерлерді тәрбиелеуде бұл мекеменің коммунист қызметкерлерінің еңбегі зор болды. Олар пионер бөлмесін ұйымдастырып жабдықтауда, отрядты түмен қамтамасыз етуде біраз еңбек етті. Балалар арасында әртүрлі тақырыптарға әңгімелер өткізді. Жергілікті комитет отрядты көркем-әдебиет кітаптарымен жабдықтап отырды. Балалардың қуанышты күнінің бірі, олардың ең алғашқы рет «Пионер» журналын көріп, оқыған күні еді».

Алғашқы пионер отрядтары өздерінің қабырға газеттерін шығарып тұрды. Отряд жапында ән-күй, көркемөнер, спорт үйірмелері жұмыс істеді. Балалар бос уақыттарын өте көңілді өткізетін еді. Жиі-жиі пионер жиындары өтіп тұрды. Оған пионерде жоқ жастар да қатыстырылды. Жиындарда пионерлердің бәрі қосылып ән салып, жеке тақпақтар айтатын. Олардың өте сүйіп айтатын өлеңі «Қою түн, алаулай түс жалынменен, біз пионер — ұланы жұмысшының» деген өлең еді.

Барлық пионер отрядтары пролетариаттың ұлы көсемі В. И. Лениннің өмірінен жиі-жиі әңгімелер өткізіп тұрды. Көсем өмірін әр бала үлгі етті. Мектепте В. И. Ленинге



Суретте: Алматы қалалық комсомол комитетінің секретары Сәрсенбеков жолдас қала пионерлеріне ту тапсырып тұр

арналған мүйіс (Ленинский уголок) жұмыс істеді. Оған пионерлер В. И. Ленин туралы жазылған кітаптарды, газеттерді, суреттерді жинады.

Қала сыртындағы тауларға саяхат жасау алғашқы пионерлердің сүйікті ісінің бірі болды. Олар қалалық музейге алуан түрлі тастар, өлген аңдардың сүйектерін әкеліп өткізіп тұрды.

1923—1924 жылдар қала халқы Алматының көшелеріне ағаш отырғызуға, көрнекті алаңдарды, ескерткіштерді гүлдендіруге қызу кірісті. Бұл істе пионерлердің де елеулі еңбектері болды. Егілген ағаштарды

баптау, күту пионерлердің төл ісіне айналды. Пионерлер көшеге шығып ағаш туралы өлеңдер айтты, Совет өкіметін орнату жолында қаза тапқан ерлердің қабырының басына гүл егу әр азаматтың парызы екенін үгіттеді. Міне, мұндай күндерді, олар «ағаш күні» деп атады.

Бүгінгі Алматы балалары гүлдей жайнаған қаласын, бақшаларын мақтаныш етеді.

Осы сәулетті өмірдің алғашқы қарлығаштарын — өздерінің ағалары мен апаларын олар әр уақыт естеріне алады. Құрмет тұтады.

Қ. Фаизов.

ІНІМНІҢ ӨЛЕҢДЕРІ

АСЫҒЫСТА

Болған екен ұйпалақ,
Киіп алдым жейдемді.
Омырауын сипалап,
Таба алмадым түйемді.
Бірін таппай түйемнің,
Босқа пісіп-күйіппін —
Асығыста жейдемнің
Теріс жағын киіппін.

БӨПЕМ

Бөпеме ызам келеді,
Бір жыласа көнбейді.
Тек мамасын емеді,
Тамақ берсем жемейді.
Мен алтыға толғалы,
Бәрін жақсы дей берем.
Тамақ болса, болғаны,
Тәттіні де жей берем!

Қ. Мырзалиев.

ШЫҚСАМ ДА...

Батырлығым ұстады,
Шықтым ағаш басына.
Сонау орта тұстағы
Бардым ұя қасына.

Ашық аспан төбемде
Тәрізді бір айна алды.
Қарап едім төменге,
Басым қатты айналды.

Мейлі, қалай ұқсаң да,
Мұнымды ерлік демеспін.
Шығуын бір шықсам да,
Түсе алатын емеспін.

СЫР

Түніменен ауырды,
Сырқырап бар тістерім.
Тауыстым ба сабырды,
Білмеді апам не істерін.
Айтып жатты ол атама
«Не болды екен!» — дегенін
Белгісіз-ау апам
Алманы көп жегенім.

АПАМ НЕГЕ ЖЫЛАДЫ!

Көзім түсті апамның
Көзіндегі жасына.
«Белгісі ме қаланың!»
Деп келдім мен қасына.
Сұрамақпын білмекпін,
Жанына не батқанын.
...Байқамаппын, көрмеппін
Пияз турап жатқанын.



САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

Қазақстанда балалар әдебиетінің қалыптасып өркендеуіне, ілгері басуына себін тигізіп, өзіндік үлес қосып, еңбек сіңіріп келе жатқан жазушыларымыздың бірі — Сапарғали Бегалин.

Сапарғали Семей облысының Абай ауданына қарасты Дегелең деген жерде 1895 жылы туған. Оның тұңғыш шығармасы — «Қазақ бозбалаларына» деген өлеңі 1914 жылы сол кезде қазақ тілінде шығатын «Айқап» журналында жарияланған.

Барша қазақ еліне бақыт әкелген Ұлы Октябрь революциясы қаламгер Сапарғалидың да өнерін өршітті, жазушыға суынбас шабыт бітірді. Оның өлең-жырлары республика баспасөзі беттерінде бірінен соң бірі басылып жатты.

1942 жылы Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған «Жылқышы бала» деген еңбегі жарыққа шықты. 1947 жылы «Көксегеннің көргендері» повесі жарияланды. Бұл повесінде автор жас оқушыларды даланың қызық тіршілігімен таныстырады. Осы кітапты оқып отырғанда әр оқушы шығарманың бас кейіпкері Көксегенге еріп, нұ орманды, биік белестерді, сағым ойнаған жазық даланы бірге аралап көргендей болады, табиғаттың көп-көп тамаша сырына қанады.

Жазушының бұл кітаптан кейін жазған «Сәтжан» деген повесі де оқушыларын өте қуантты. «Сәтжан» повесін Москвадағы балалар әдебиеті баспасы орыс тілінде екі мәртебе көп дана етіп басып шығарды. Бұл повесть былтыр Ташкентте өзбек тілінде жеке кітап болып басылды.

Сапекең жасөспірімдерді жақсы көреді, сондықтан соларға арнап қызықты кітаптар жазу үшін күндіз-түні ерінбей еңбек ете береді. Ол кісі қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың жас кезіндегі өмірін суреттейтін повесть жазып жүр.

Сонымен бірге, Сапекең жалынды революционер Мұқаметқали Тәтімовтың өмірінен елеулі еңбек жазып бітіріп қалды. Редакцияның сұрауы бойынша, жазушы Мұқаметқалидың балалық шағынан «Қозышы бала» деген әңгіме жазып берді. Оны біз төменде жариялап отырмыз.

Н. Ғабдуллин.

Қозышы Бала

С. Бегалин.

МЫЛТЫҚ

Қой қапдатқан қойшы, қозы айдаған балалар көштің ең артында, күн бата жетеді. Әсіресе, дүниеқор сараң байлар ел көшкенде қозыны бөлек айдатып, қойдың сүтін жібермейді. Ел көшкен күні қозы айдап сорлайтын баланың бірі — Мұқаметқали. Сүлеймен байдың үйі ел жайлауға қарай көшкенде өмірі қозысын бірге салып көрген емес. Қапқа құрт, қарынға май толмай қалады деп Баянды бәйбіше бір қозыны да жамыраттырмайды.

Қозы айдап келе жатқан Мұқаметқалиды көріп біз соған бардық. Бізді Мұқаметқалиға алып барған оның мойнындағы шошайған мылтығы болды. Тобылғыдан садақ иіп, таяқтан ағаш мылтық жасап ойнайтын біздерге, кәдуілгі шын мылтықты асынған

Мұқаметқалидың бейнесі қызық болып көрінді. Күні бойы қозы айдап, қолау тайымен шоқаңдатып мойнына мылтық асынған бұл бізге сондай күлкілі, тамаша болды. Тамам бала айналып тұра қалдық. «Қайдан алдың, оғы бар ма, атыла ма?» — деген сұрақтар жаңбырдай жауды. Өзі күнімен жас қозы айдаған, өзі таңдайы кеуіп шөлдеген Мұқаметқали, бізге болар-болмас ыржиып күлді де, мылтықты мойнынан алып бізге оқталды. Біз қорқып кейін шегіндік, әсіресе Бәрке дейтін қорқақ бала бар еді, қорқып жата қалды. Өйткені, мылтықтың аузы соның өңменіне дәл оқтала қалған еді.

Мылтықта оқ та жоқ, дәрі де жоқ. Және өзі шүрпісі жоқ білтемен атылатын тіпті бір ескі мылтық. Біз мылтықты қарап біріміз



қорқып, біріміз таңданып шуылдасып жүргенде, қозылар ду етіп енесінің дауысына жүгіріп қосақтағы қойға жамырап, Сүлеймен ауылы у да шу болды.

— Уа, көкұрған, қозыны жамыратып, мына мылтығың не, кімнің қоймасын ақтардың. Тағы қайдағы пәлені жасап келдің! — деп қолындағы сабауы бар, буылтық қол Сүлеймен сары атымен келе Мұқаметқалиды қуа жөнелді. Біз де қорқып быт-шыт болдық.

Ел жатқанша Сүлеймен үйінен шаң-шұң тараған жоқ. Ертеңінде Сүлеймен үйіне келіп түскен үш атты кісі Мұқаметқали асынып келген ескі мылтықтың қуғыншысы екен. Сүлейменнің үйіне қозымен бірге қонақты да қаптата әкелген қайсар бала бұрынғысынан да жексұрын бола бастады.

Ө Р Т

Үйде шөміштен қысым көріп, түзде мал жайғаны жақпай, қозышы баланың күйі кете берді. Сонау жатақта қалған үй, жаяу қалған әке бала басына ауыр күндердің зілін үйе берді. Тамылжыған шілденің ыстық күндері, жауынсыз жер беті құрап тұрған уақыт. Түс мезгілінде ауыл адамдары дүрліге қалды. «Өрт қаптады, ал, атқа мініңдер! Жел де сол жақтан» — деген даңғаза сөз гүледі. Ауыл адамы тайлы-таяғы қалмай жайдақ өрт жаққа қаптады. Елмен бірге дүрліге біз де тайға мініп жеттік. Ауылдың оңтүстік жағындағы аласа бұйраттың арғы ойы, ана жерден, мына жерден бір лапылдап қабындаған өрт екен. Ауылдан барған адамдар жабылып, суға малған құрым кигіз, теріліктермен сабалап сөндіріп жатыр. Отырған он шақты ауылдан қаптаған ел өртті ауылға, малға жібермей тоқтатты.

«Қайдан шықты, неден шықты, өртті жі-

берген кім?» деген сұрақтар дуылдаған жұрттың ішінен гүлдеп, біреуден біреуге жетіп жатты.

— Өрт жіберген Сүлейменнің қойшысы, өлгі Тәтімнің Мұқаметқалиы екен, қорықтық істеймін деп өрт кетіріп алыпты, — деді біреулер.

— Өзі жоқ, қашып кетіпті, қойды анау бұйраттан қайтарып алдық, — десті екінші біреулер.

— Өлгі Тәтімнің көк ұрғанын тап, ана қойды түгенде, қасқыр айдап кетті ме, ұры бөліп әкетті ме, — деп Сүлеймен, — уа, таң ұрған! — деп Райышқа зіркілдеді. Райыш Сүлейменнің ағасының баласы, әкесі өлген жетім, қарсыласа алған жоқ, Мұқаметқалиды іздеп жөнелді. Өртті сөндірген ел ауылға келе жатыр.

Елдің ойы да, жан ашыры да сонау жер өртеген қозышы бала тәрізденеді. Әлде менің өз сезінуім бе, әйтеуір сол күні Мұқаметқалиға бұрынғыдан да жаным ашып кетті. Ел орынға отырғанша Мұқаметқали ауылға келген жоқ. Мал қотанға иіріліп, Сүлеймен үйінің қойы түгел табылып, үні басылды. Жоқ жерде қорықтық жасаймын деп жер өртеген, қойды иесіз тастап жоғалып кеткен Мұқаметқали, қазір қолына түссе хажылықты қапқа сала тұрып, Сүлеймен оның құлағын шайнар еді. Өзінің төнтек баласы Жақияны қазан-ошақ артқан арбаға кенже қозыша таңып қойғанын бұған да істер еді. Бірақ, өлі Мұқаметқали жоқ.

Біз бір топ бала Мұқаметқалиды іздеп әбігерміз. Басқа ауылдарға барды ма деп, ақырында барып та келдік. Бірақ Мұқаметқали табылмады. Кейбір Бәрке сияқты жеңіл ауыз, ұшқары ойлағыш балалар «өзі өртке жанып кеткен шығар» деп қайдағы бір қорқынышты айтады.

Мұқаметқали табылды, бірақ ол бұрынғыдан да күйсіз бола бастады. Үйі сонау

алыстағы жатақта, ел он бес, жиырма көшіп әрең жеткен жайлау мен жатақ арасы бір-екі күндік елсіз. Не істейді, барлық қысымға шыдай жүріп жазды еңсерді. Жайлау тозып ел күзекке бет алды.

Мұқаметқали жылқыда жүрген маған келіп:

— Мен қойдан келдім. Сен тұр, атыңа мін, сонан соң айтам,— деді қабағы тұнжырап. Былай шыққан соң ол:

— Менің етімнен өтіп, сүйегіме жетті. Мына жаны қара хажы түбіме жететін. Бүгін үлкен қойшы Келдібай ауырып қалып, ол мені қозыдан алып қойға жіберді. Өзім түнімен қой күзеткенмін. Анау көрінген Дегелеңнің басы, соны көрген соң қуанып тұрмын. Сен маған Сүлеймен үйінің көк құнанын ұстап бер. Өзім ұстайын деп ем, мына қолау тайға маңайлатпады. Мен жатаққа кетем. Үйді сағындым. Тұрғым келмейді,— деп сұрғылт көзі жасаурай түнеріп қайсар қалпына түскен түрде тілек етті. Бір жақсы болғаны Сүлеймен үйінен жылқышы жоқ еді.

Жылқышылар көрмесін дегендей, Сүлеймен үйінің жылқыларын шеткері қақпалап, мініліп жарап жүрген көк құнанын ұстап бердім. Біраз жерге шығарып салдым.

* * *

«Тәтімнің Мұқаметқалиы Семейге келіпті, үлкен төре болыпты. Өзі коммунист. Ақтармен сан рет соғыста болып, бандыларды қырыпты. Өне-бойы сап-сарыала қару-жарақ» — деген хабар қырдағы ауылға ерекше екпінмен жетті. Бұл 1920 жылдың жазы еді. Сонау Сүлеймен үйінен қашып, Семейге



түскеннен бергі өмірінен, өз үй-ішінен басқа ел хабарсыз болатын. Бұл он бір — он екі жылдың ішінде ел басынан да, Тәтім үйінің, оның туыстарының басынан да талай үлкен оқиғалар кешкен. Сонан біраз уақытта Семейден ылаулап отырып Мұқаметқали елге келді. Шынында да айтса айтқандай, қару-жарағы жеткілікті екен. Тіпті қыр сахарасы көрмеген қол гранат, бомба дегендердің әлденешеуі белінде тізулі екен. 1918 жылдан Коммунист партиясының мүшесі, 1917 жылдан 1922 жылға дейін азамат соғысында қамал бұзып қан көшкен қызыл командир Мұқаметқали Тәтімнің балалық өмірінің көзімізбен көрген біраз елестері осы еді.

ЖАС ТАЛАПТЫЛАРДЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ

БАГОНДА

Дала қалай, таныс па,
Айналайын, інішегім!
Тұңғыш шыққан алысқа
Сапарың ғой бұл сенің.

Таудың жасыл етегі,
Арнасы айдын кең өзен,
Көз алдыңнан өтеді,
Экрандай терезең.

Поезд жүрдек орасан,
Шаршамайды ол — тыныс кең,
Кейде артыңа қарасаң,
Бас айналар жүрістен.

Өміріңдей бұл сенің,
Ілесе біл шабысқа.
Көзіңді сап, інішегім,
Келешекке, алысқа!

М. ӘУБӘКІРОВ.

ТІС

Бақытжан ауырған шамалы
Бір тісін тастады жұлғызып.
Қолына ап таңдана қарады,
Ой келіп көңіліне бір қызық.

«Дәрігер абайсыз суырып
Алды ма әлде ақыл тісімді»
Деген ол, мұқият жуынып,
Ақылсыз емесін түсінді.

ТАП БЕРДІ

Мысықты келді де «үйреткім»
Көрсеттім тышқанның суретін.
Ол ессіз еліріп тап берді,
Жыртып-ақ сапғаны дәптерді..

Қ. БАЯНБАЕВ.

БЕС

Үйірілді ымырт,
Үй іші жым-жырт,
Үн-түнсіз бала отырды.
Кітабы ашық,
Сызғышпен басып,
Қайталап неше оқыды.

Бәрін де түгел ұғынды,
Тапсырма бітті бүгінгі.

Класқа келді,
Именбей енді,
Әдеті осы қашанғы.
Мұғалім сұрап,
Жауабы ұнап,
Тағы да шәкірт «бес» алды.

Өткізіп солай кештерді,
Көбейте берді «бестерді».

Т. ШОПАШЕВ.

БӨДЕНЕ

ӘНГІМЕ

Анасы үйге кіргенде, алты жасар ұлы Әбіш төр алдында шыр айналып жүр еді. Әлденеге бар ынтасымен беріліп, өзінен басқаны мүлдем ұмытқан. Маңдайынан шыққан терін жеңімен қайта-қайта сүрткілеп, қаракат көздерін бір нәрсеге қадап, аяғын еппен басады. Енкейе түсіп, енді бір айналды да, қолын бауырына ала жата кетті.

Ұлының ойда жоқта оқыс мінезін көрген Зейнеп шошып кетіп:

— Әбішжан! Не істеп жүрсің? — деді.

Ана үні үрейлі шықты. Тосын дауысқа Әбіш те тіксініп қалды. Жалт бұрылып, жанында абыржып тұрған анасын көрді де:

— Бө... бө... дене, бө-де-не ұстағалы жүрмін, — деді.

— Үйде жүрген неткен бөдене, құлыным-ау!..

...Бір күні Мәмбет қарт немересі Әбішті алдына алып атпен келе жатты. Жолдың екі шеті тарынын анызы болатын. Шөптер сарғая түсіп, ажары кете бастапты.

Қарт жолдың екі шетіне кезек-кезек қарай берді.

Бұрылған сайын омырауын жапқан ұзын сақалы Әбіштің бетіне, мойнына тиіп, қытықтап келеді.

Әбіш атасының тынышсызданғанын сезсе де, түкке түсінбей аңырып, оның жүзіне кадала қарады.

Жұмысқа беріле істегенде, не домбыра шертіп баяу ән салғанда қоюланып кететін әжімдері атасының жүзінде қазір де пайда бола қалыпты. Дөңгелек қой көздері сұқтана қадалып, түлкіге шүйілген қыранша айналасын барлап келеді.

Шөптің қалыңдау жеріне келгенде Мәмбет қарт:

— Сен атты ұстай тұр, — деп секіріп түсті де, бұқпалап, жалма-жан бір жерді айнала бастады. Үш-төрт шенбер жасап кенет кілт бүгілді де, лып етіп жерден бір нәрсені іліп алды. Әбіш енді байқады.

Атасының ұстап алғаны қызыл мойын бөдене екен.

Қанатынан бір-екі қауырсын жұлды да:

— Мә, балам, — деп Әбішке ұстата берді.

— Ата, ата! Бұл бөдене ұрысқақ па?.. Алақай! Сәлімнің бөденесімен соғыстыратын болдым, — деді Әбіш.

...Бөдене қойған жерінде тұрақтап жатпайды. Жорғалай жөнеліп, өзіне ыңғайлы жерді тапқанша жорта береді.

Адамды көре қалған жағдайда бұғады да, қарсы қарап жата қалады.

Бөденені жаяудан төрі атты кісі тез байқайды. Оны ұстау үшін айналғанда, бөдене де адаммен бірге бір орнында жатып көзін алмай айнала береді. Ақыры әбден миы ауытқып, адам қарсы алдынан келген жағдайда тез ұша алмай тасырайып жатып қалады. Бұндайда тек шұғыл қимылдау керек.

Әбіш үйге келе тор жасап, бөденесін отырғызды. Әбіштің енді өз бөденесі бар. Күнде бірге ойнайтын құрдасы Сәлімдікіне барғанда торда тұрған бөденені көріп қатты қызығатын. «Быт-быт-быт» — деп сайрағанда оны қолы жетпес армандай санаушы еді. Кейде Сәлім маңғаздана түсіп, оны ызаландыратын.



— ...Сенің атаң бөдене ұстай алмайды. Менің атамдай жақсы емес... — дейтін. Содан бері Әбіш атасына іштей әкпелі еді. Міне, бүгін күтпеген жерден сол арманы жүзеге асты. Атасына өте риза болды. Сәлімнің көпірме сөзіне оны қығысы келмеді.

Әбіштің бүгінгі ойы атасы сияқты өзі де бөдене ұстамақ еді. Сондықтан да, анасы жоқта күнде төр алдына бір құлап алатын.

Зейнеп бүгін сондай жаттығудың үстінен шықты.

— Құлыным-ау! Қолыңды ауыртып аласың ғой. Атаң сен сияқты құламайды. Енкейіп жерден іліп алады.

— Жок... жок... сіз білмейсіз. Бөдене ұстап көрген жоқсыз, оны тек атам біледі...

Сәлімнің қылығына жас ана үнсіз жымыды.

Т. Иманбеков.

ҚОШ, БАУЫРЫМ ТАУҰЛЫ!

Ұзынша бөлменің екі бұрышына орналасқан екі столдың аралығында, бетін көк шұғамен қаптаған ескі, қоңыр стол оқшау тұр. Столдың артындағы маңдайы қасқиған, жылы жүзді, отты көзді қараторы жігіт жағын таянып шынтақтаған күйінде, құлағын сол жағындағы студентке тосып қалған. Студент жазғандарын оқып отыр. Ал, тыңдаушы, әшейін, қаперсіз өзінше өзге бір ойдағы адамға ұқсайды. Ол тек оқта-текте алдында жатқан ұзынша қағазға бірдеңелерді түрткенсиді. Бұл адамның мына отырысынан не тебіренгендіктің, не тітіркенгендіктің белгісін көре алмайсыз. Қайсы бір кездерде оның ықылас қойып тыңдап отырғанының өзіне шәк келтіріп қаласыз — ол тырнағының көбесін шұқылап өзімен өзі алданып кетеді.

Студент қолжазбасын оқып бітіп, көз қиығын тыңдаушысына салады. Редакцияның есігін тұңғыш рет ашқан жас талаптын жүрегінде декбір жоқ. Оған осы алғашқы айтылған пікір тура жол мезгей ме, жоқ, қаламын сындырып үміт шоғын сөндіре ме? Бұл жан сырын ашар кілтті табу терең ойлы, өнер иесі ұстаздардың ғана қолынан келмек...

— Бауырым, өзін тілді тәп-тәуір біледі екенсің. Табиғат құбылысын да сезіне суреттейсің. Жазуға талаптанған жас адам үшін бұл жақсы қасиеттер, — деп сөзін жылы бастады тыңдаушы.

Жылы лебізге емески түскен ыстық жүрек, өзін тап осы секундта жазушы екенмін деп те сезіне қалды. Сөзін өте жылы, жатық бастаған тыңдаушы талдауды біртіндеп тереңдетіп барады. Сөз қолдану, сөйлем құрау, оқиғаның желісін тарту, құбылысты бейнелеу, кейіпкерді сөйлету, адамың кейпін жасау — міне, осының бәрі әлгі оқылған шығарманың жолдарынан алынған мысалдар арқылы електен өткізіліп жатыр. Абзацтар, жолдар сүзгіден өткізілгеннен кейін кезек жеке сөздерге келіп жетті.

— Орнында тұрмаған сөз — жайқалған көк егіннің ортасындағы сояу тәрізді, — деп, сөзін жәй ғана аяқтады тыңдаушы.

Осы бір сурет «Пионер» журналының бөлмесінде дәйімі қайталайтын еді. Осы бір кішіпейіл, жайдары, жас адамды аға, ақылшы тұтып оған өзінен жасы үлкен де, өзімен құрбы да, өзінен жасы кіші де келіп жатушы еді. Келушінің бәрімен сөйлесуге ол уақыт табатын, еш қынжыл-

майтын. Оның күнделікті тындыратын іс көлемі қызмет бабының шеңберінен әлдеқайда асып төгіліп жататын. Жас авторлар, құрбы таланттар, кексе жазушылар бірінің үстіне бірі келіп ұзынша бөлме түс кезінде қызу думанға айналатын. Өткір сықақ, сыпайы қалжың, күлкілі мысқыл бөлменің ішін кернеп кететін.

Есікті имене ашып, табалдырықты әлгіде ғана сескене аттаған жас автор, енді осы думанның ішінде рахаттана күліп отыр. Ол өзін бір жылы құшақта отырған адам сияқты сезінеді. Кеткісі тіпті келмейді. Ол өзінің ақылшысы — жас жігітке қарай береді, қарай береді. Не ғажап екені белгісіз, әйтеуір бір жылы адам!

Соңғы он — он бес жыл ішінде әдебиетке келген жас жазушылардың көбі-ақ осы бір адаммен сырлас, дос еді. Х. Ерғалиев, Қ. Шаңғытбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Әлімбаев, Ә. Нұрпейісов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ә. Нұршаихов, Б. Сокпақбаев, С. Сарғасқаев, К. Баязитов, Ә. Дүйсенбиев, міне, осы жазушылардың қай-қайсысы болмасын, өзінің дүниеге жана келген шығармасын, қолжазба күйінде, ең алдымен осы адамға оқытуға асығатын. Бұл кім еді?

Бұл — Тауұлы! Талантты жазушы Иманжанов Мұқан әдебиетке алғашында осы атпен келген-ді. Тауұлы деу себебі, ол Ұлытауда туған, сондықтан ол оның туған жерге деген үлкен жүрегінің ыстық сезімі еді. Есейе келе Мұқанның туған жерге деген ыстық сезімі отаншылдық сезімге ұласты да, әдеби шығармалары байырғы фамилиясымен жарияланатын болды.

«Жас өмір», «Ақмоншак», «Алғашқы айлар», «Менің махаббатым». Не деген кіршіксіз таза, не деген тәтті, не деген терен мағналы атаулар еді! Осы шығармалардың атынан-ақ авторының өз жанының тазалығы, өз ойының тереңдігі, өз парасатының биіктігі көрініп тұрған жоқ па? Қай шығармасын жазса да, Мұқан алдында татаусыз жас жүрек тұратын. Сол жүрекпен отырып ол жастық күйін шертетін, махаббат кемесінде жүзетін, әділетсіздікпен арбасатын. Ол шығармасына арқауды дәурені өтіп кеткен ескіліктен іздемеуші еді. Қартаймас жастық оның өмір азығы, өнер көркі еді. Сыршылдық, сыншылдық, сезімталдық, тәтті махаббат, ақылдылық, тапқырлық, батырлық — осының бәрі, жастықтағы мол қа-

сиеттер дейтін еді. Ол өзінің шығармаларында адамның осы ішкі қасиеттерін ашуға талпынатын. «Биіктік бойда емес, ойда» — міне, Мұқан творчествосының қарғидасы.

Мұқан жұмыс істеп отырғанда ештеңеге де алаңдамайтын, кей-кейде өзімен өзі сөйлесіп, жұдырығын түйіп кіжінетін, кейде қарқылдап күліп те жіберетін. Осының бәрі адамның психологиялық қасиеттерін ашу ғаламаттары еді. Шығарма жазып отырған кездегі оның өңі отты айқастың ортасындағы солдаттың өңіне ұқсаушы еді. Ол өнердің шын солдаты еді.



Мұқан, оның ұлдары Макеұт пен Рүстем және әйелі Рәзия.

Мұқанның өте бір сүйсіндіретін қасиеті — ол өмір бойы қызмет істеген жерінің сүйіктісі болды. Ол қызметке еш уақытта кешікпейтін және онан ерте қайтпайтын. Ол қызметтес жолдастарының бәрін құрметтейтін. Биязы мінезді, кішіпейіл, адал қызметкер Мұқанды да жолдастары қатты сыйлайтын. Оның әдептілігі тым қайран қалдырушы еді. Өзінің артында біреу келе жатса, соған есік ашып, кіріңіз деп сызылып тұрғаны. Ол қызмет дәрежесі төмен адамдармен шүйіркелесе әнгімелесетін. Біреудің мұқтажын білсе, оған бүкіл коллектив болып көмекке келуін қарастыратын. Ол өзін еш уақытта бөлектемеуге, қайта елеусіз, көптің ортасында болуға тырысатын еді.

1956 жылғы январьдың 13 күні Мұқан қызметке келмей қалды. Келмеуі тегін емес екен. Ескі ауруы қайта басталған қауіпті, қайғылы хабар редакциядан қаладағы Мұқан жолдастарына әудемде тарады.

Мұқан сол жатқаннан төсек тартып жатып қалды. Жас ағаштың өзегіне түскен құрттай, Мұқан өкпесін жеген кінәрат өрши берді, өрши берді. Күн сарсылуы түн сарсылуына, түн сарсылуы апта сарсылуына ауысты. Мендеу аптадан айға, айдан жылға созылды. Асыл ер гүлдей солып еттен айырылды, кіріп-шығу да қиындай бастады. Бірақ, сабырлы мінез, үлкен жүрек кейіс білдірмеді, сырттай үй ішін де, достарын да жұбата берді. Жаны ашырдың бәрінде тыным жоқ. Керек дәрігер де, керек дәрі де

мезгілінде жеткізіледі. Не керек, бәрі де бұлжымай орындалады.

Ауру екінші жылға кетті, райдан қайтар емес. Жүру тоқталды. Мұқанның ендігі өрісі — бір кроваттың үсті ғана. Тарығу да, зарығу да, қамығу да сол төсек үстінде. Екі жыл сарғайып жатқан Мұқанның әл-дәрмені бас көтеруден де қалып барады. Үміт-әбден созыла, созыла үзілуге жақындаған талшыққа ұқсайды. Қимас дос, туыс, жолдас екі жыл бойы оны жалғызсыратпады. Бірі сусын берсе, бірі басын сүйеді, бірі дәрігер шақыртса, бірі дәрі жеткізді. Көңіл көтеру, әнгіме айту бәрі осы үйде болды.

Жолдас-жорасының көптігін көрген, олардың мейіріміне әбден риза болған Мұқан, бір оңаша отырғанымызда маған:

— Мен, жаныашыр достарымның мұнша көп екенін білмеуші едім. Тым көп және алтын адамдар екен, — деп еді.

Рас, оның достары көп еді. Достарының көп болуы, Мұқанның досшар қасиетінен еді. Мұқанның есімінің өзі достарына достықтың ұйтқысы болған-ды. Сол ардақты достың жүрегі 1958 жылы марттың 18 күні 18 сағат 30 минутта соғуын тоқтатты. Осы минутта Мұқан алдында тұрған досшар көздер жасқа көмілді. Достар күңірене бірін-бірі күшты, қан жұтып тұрып сүйікті Мұқанымен хош айтысты. Олар:

— Хош, бауырым, Тауұлы! — деп көп, ұзақ кайталады.

Мұхамед Нұртазин.

СПОРТ ШЕБЕРЛЕРІ КІЛЕМ ҮСТІНДЕ

— Менімен күресесің бе, Жорес,— деп талдырмаш келген жұқа өнді, қара балаға Аян Панабердиев шүкшия түсті.

— Күресек несі бар, күресеміз,— деп Жорес те комдана бастап еді, оның жанында тұрған балалардың бірі:

— Қой, текке күлкі боларсың, мына денеңмен күрес не теңің сенің,— деді. Сол жерде тұрғандардың барлығы да осы пікірде болатын. Жолдасының ойланбай айта салған сөзі Жорестің намысына тиді, ол күресуге бекінді.

Екі «палуан» шап беріп ұстаса кетті. Айласы мол Жорес лезде Аянды жерге қағып түсірді. Міне, со бір оқушылық кездегі оқиғадан кейін Жоресті жолдастары «палуан» деп атап кетті.



Орта мектепті жақсы бітірген Жорес 1953 жылы Алматыдағы физкультура институтына оқуға түсті. Ол институтқа келген алғашқы күннен бастап классикалық күрес үйірмесіне қатысты. Бір жыл өтпей-ақ спорттың осы түрінен екінші разрядшы палуан деген атақ алды. Жас палуан ерінбей, жалықпай жаттыға берді. Бірақ, бұл көпке бармады. Бір күні кезекті жаттығу үстінде тренер Петр Матушак Жореске:

— Осы сен спорттың күрестен басқа қандай түрлерімен шұғылданып жүрсің? — деп сұрады.

— Жеңіл атлетика, гимнастикамен,— деп жауап қайтарды жас шәкірт.

— Ие, сенің жан-жақты спортшы екеңің көрініп-ақ тұр. Менің ойымша, енді сен еркін күреспен шұғылдануың керек,— деді тренер күтпеген жерден.

— Сонда қалай болғаны. Менің бір жылғы еңбегім зая кетті ме? Күрестің бәрі бір емес пе?..— деп Жорес күмілжіп еді, тренер жүзін жылыта түсіп:

— Сенде, менің байқауымша, еркін күреске қажетті: күш те, икемділік те, шапшаңдылық, шыдамдылық та бар, тек күрес техникасын жете меңгеруің керек,— деп өз ойын кесіп айтты. Жорес үнсіз бас изеді. Сөйтіп, көп жаттығулардан кейін Жорес Ысқақов 1955 жылы қалалық жарысқа қатнасып, өте жеңіл салмақтылар арасында республика чемпионының майкасын киді. Жас спортшы 1956 жылы СССР халықтарының спартакиадасында еркін күрестен алтыншы орынға ие болды. 1957 жылы «Буревестник» орталық

советінің одақтық жарысында Жорес үшінші орынға ие болды. Қазір ол өз салмағы бойынша Орта Азия мен Қазақстанның чемпионы. Биыл февральдың 23—26 күні болған республикалық «Буревестник» қоғамы бойынша жарыста СССР спорт мастерінің нормасын орындады.

Жорес бұл күндері Гурьев қаласында Орджоникидзе атындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет істейді. Өткен жылы республикалық фестивалда спорттық жарыста Жорестің шәкірттері де қатынасты. Жас ұстаз өз бойындағы қабілетін, білімін кішкене достарына беруге аянбай еңбек етуде.

Қ. Нұртазин.

Қазақтың физкультура институтының студенті.

ТЫРНАЛАР

*Тізілген меруерттен бір аумаған
Мінеки, тырна келді тыраулаған.
Білуге кең өлкенің амандығын
Бергендей көкте тұрып сұрау маған.*

*Секілді түйелі көш тізбектері,
Жүр ме екен жайлы қоныс іздеп тегі,
Еркі жоқ алыс сапар шекпесіне
Болған соң жазға құштар, күзге өкпелі.*

*Аспанды тамылжытып ән салады,
Қуантып «жаз келді» деп сай-саланы.
Үнінде белгісі бар сағыныштың,—
Балкім ол біздің жерді аңсағаны.*

*Қалқытып кеудесінде көлеңкесін,
Күтіп тұр жасыл белдер көк еркесін.
Кешікпей кең баладан мекен тауып
Таранып құштарлана керер төсін.*

Қ. Жұмаділов.

Қабыш пен Нығымет түйдей жасты құрбылар. Екеуі де жетінші класта оқиды және үйлері де көрші тұрады. Қабыш электротехниканы сүйетін еді де, Нығымет оптикамен әуестенетін. Мұның екеуі де физика ғылымының тараулары болғандықтан, екі дос өз мектептеріндегі «физикамен әуестенушілер» үйірмесіне қатысатын.

Бірде олар үйірменің кезекті сабағынан бірге қайтып келе жатты.

— Нығымет, саған жеңіл бірер сұрақ қойсам, қалай көресің! — деді Қабыш үнсіз келе жатқан қапыпты бұзып.

— Электротехникадан шығар, қанша қиын сұрақ дейсің.

— Әрине, қиын емес, сен білмейтін дүниеде не бар, — деп Қабыш қулана күліп алды да, — міне, мына алдымызда тұрған бағаналар басындағы электр тогін жеткізетін сымдар неге қапталмаған! Ал, үй ішіндегі сымдардың ток өткізбейтін резинкамен қапталатыны несі!

— Фу, соны сұрақ деп бөлденіп келе жатқаның. Сыртта тұрған сымдарға ешкім де жанаспайды. Ал, ауа ток өткізбейді.

— Жоқ, ауа ток өткізуін өткізеді. Бірақ, өте әлсіз, — деп түзетті оны Қабыш.

— Бағана басындағы сымдар ток өткізбейтін фарфор изоляторлармен байланған. Ал, үйде сым төбемен де, қабырғамен де, жалпы кез келген затпен жанасуы мүмкін ғой. Ендеше оны резинкамен қаптау керек.

— Жақсы, мұны білдің. Бірақ, жаңа өзің айттың ғой фарфор изоляторы деп. Енді соның сырт мүсінің жез қоңырауға неге ұқсас етіліп жасалатынын айтшы!

Нығымет ойланып қалды. Тек әлден соң ғана.

— Сен мұндай қыңыр сұрақ бергенше, онан да анау сымға қонақтап отырған торғай неге өлмейді. Сым бойымен электр тогі жүріп жатыр емес пеі, — деп Қабыштың өзіне жабыса кетті.

Ал, Қабыш болса, оның жасып қалғанын сезіп:

— Өзің соны білесің бе! — деді, әдейі қыңырланып.

— Электротехниксің ғой, сен айт. Мен сұрап келемін, — деп Нығымет сыр білдірмегенсіп, сөзін келте қайырды.

— Торғайдың өлмеуі — оның тұяғының қасиеті.

Себебі, құстардың аяқ тырнағы ток өткізбейтін изолятор.

Нығымет Қабыштың бір сұрағына жауап бере алмағанына қатты қиналып, өзінше намыстанып жүрді. Дегенмен, жеңілгенін жай мойындай салмай, Қабышты өзі жақсы білетін оптикадан жеңуді ойластырып қойған еді. Бүгін соның реті келген сықылды. Қабыш үйіне келгенде, Нығымет қолына түрлі-түсті бояу қарындаш қорабын алды да, ауызғы бөлмеге үнсіз шығып кетті. Ол ақ қағазға көк түсті қарындашпен бірнеше сөз жазды да, сол жазғанын қызыл түсті қарындашпен басқа адам оқи алмастай етіп ұқыптап шимайлап өшірді. Сөйтті де Қабышқа келіп:

— Мына қағазға жазылған сөзді оқып көрші! — деді.

Қабыш аң-таң болып, құпия жұмбақты қалай шешудің жөнін білмей, басын қатырып ұзақ отырды. Ақырында, ол мұны білмейтінін мойындады.

— Бір де бір болдық қой өнді! Сен де білмедің, мен де анада сенің бір сұрағыңа жауап бере алмап едім. Сен изолятордың неге қоңырау тәріздес етіп жасалатынын айтасың, мен мынаны, — деп Нығымет стол тартпасынан қызыл түсті шыны алды да, Қабышқа беріп, — оқы, — деді.

Қабыш қызыл түсті шыныны қағаз үстіне қойып қарап еді, көк түсті қарындашпен жазылған: «Бұл — оптиканың бір керемет қасиеті, Қабыш, мұны мойындайсың ба!» деген ап-анық жазу тұр. Қабыш күліп жіберді.

— Өте қызық нәрсе екен, расында, — деп қызықты ол, — мұнда не қасиет болғаны сонда?

— Оп-оңай, — деп түсіндіре бастады Нығымет, — қызыл түсті шыны көк түсті сәулені өткізбейді, қайта оны бойынан кері шағылыстырады. Ал, қызыл түсті сәуле ешбір бөгетсіз өте береді. Барлық құпия осы.

Мұнан соң, Қабыш фарфор изоляторының сырын досына баяндап берді. Сөйтсе, мұның да өзіндік үлкен мәні бар екен. Қоңырау тәріздес изолятор өзіне ылғал ұстамай электр тогін бөгетсіз сым бойымен өткізе береді екен. Ал, бұлай болмаса, жауын-шашынды күндерде пайда болатын ылғал бойымен әрбір бағанаға ток сіңіп, өте көп зиян келген болар еді.

Екі дос бұл айтыстарына қатты риза болысты.

М. Сәрсекеев.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Жаңа Зеландиядағы Нгтапа көлі (ұзындығы 2 километр, ені 2 километр, тереңдігі 30 метр) 1934 жылы жердің сілкінуінен пайда болған. Ал, 1938 жылы жер қайта сілкінгенде ол жоғалып кеткен.

Біздің дәуірімізге дейін сақталған музыкалық аспаптардың ең байырғысы ертедегі Египеттің арфасы мен флейтасы. Бұлардың шыққанына 6 мың жылдан астам уақыт өтті.

Қол сағатын түнде шынының не мрамордың үстіне қоюға болмайды. Ыстық пен суықтың шұғыл ауысуы сағат механизміне өте зиян. Мұндай жағдайда сағаттың пружинасы істен тез шығып қалуы мүмкін.

Москва — Владивосток темір жолы — ең ұзын темір жол. Оның ұзындығы — 9216 километр.

Былғанған ескі фотосуреттердің бетін спиртке малынған мақта тампонымен сүртсе, ол жаңа суретке ұқсап қалады.

Көп пайдаланылған қалта фонарының батареясын пештің үстіне қойып, дамыл-дамыл қыздырып тұрса, ол тағы да ұзақ пайдалануға жарайды.

Құстың қауырсыны — электр тогын өткізбейтін жақсы изолятор, сондықтан құсқа ешуақытта жай түспейді.

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ



Ұлытау селосындағы балалар кітапханасы 1954 жылдан бері жұмыс істейді. Кітапхананың кітап қоры да ылғи моланды. Қазір мұнда 5200 дана әдеби, ғылыми, саяси кітаптар бар.

Мектеп оқушылары сабақтан қолдары бос кездерінде кітапханаға келіп көркем әдеби кітаптар мен күнделікті газеттерді, журналдарды оқиды. Демалыс бөлмесінде шахмат, дойбы ойнайды.

Кітапханада оқушылар конференциясы жиі-жиі өтіп тұрады. Жақында «Совет өкіметі балаларға не берді», «Менің сүйікті кейіпкерім» деген тақырыптарда оқушылар конференциясы болып өтті. Онжылдық мектепті өткен жылы бітіріп, кітапханада меңгеруші болып қызмет істеп жүрген Б. Жарасбаева жиынды өзі басқарды.

Балымша Жарасбаева өзінің мектептес достарын әрдайым жылы жүзбен қарсы алады. Кітапханаға жаңа келген кітаптардың тізімін балаларға әрдайым ұсынып отырады. Қай уақытта көрсек де, өзі бұрын оқып шыққан кітаптарының мазмұнын пионерлерге әңгімелеп беріп отырады. Осы қамқорлығы үшін пионерлер жас маманды сыйлайды, құрметтейді.

А. СЫЗДЫҚОВ.

Қарағанды облысы, Ұлытау селосы.

ІЗГІ ДӘСТҮР



Сталин атындағы колхоз Талдықорған қаласынан онша қашық емес. Бұл колхозды Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Нұрмолда Алдабергенов ағай басқарады.

Биыл колхоз қаражатымен екі қабатты мектеп үйі салына бастады. Жаңа оқу жылын жаңа салынған мектепте бастау колхоздағы әрбір оқушыны қуантады. Біз сабақтан қолымыз бос кездерімізде мектептің құрылыс жұмысына көмектесеміз.

Колхоз орталығында оқушыларға күндіз кино-картина көрсетіледі. Картинаға отряд болып ұйымдасқан түрде барып жүрміз.

Қыс айларында алыстау бригадалардан қатысып оқитындарға колхоз басқармасынан арнайы көлік бөлінген.

Міне, жаз да келді. Жаз айларында оқушылардың бір тобы мал бақында болса, енді бір тобы далада шөп жинайды, шөмеле салады. Бұл біздің мектептің пионерлері үшін ізгі дәстүрге айналған.

А. СЫЗДЫҚОВ.

Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы,
Шұбар орта мектебінің оқушысы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Т. Говорованың «Жас саяхатшылар демалыс отыр» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов Қ., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., **Иманжанов М.**,
Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Кирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/V-1958 г. УГО3505. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 38344 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 928



Балалар,



Өз журналдарың,
„ПИОНЕРГЕ“
жылдың екінші жартысына
жазылуды ұмытпаңдар!

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ОСЫЛАЙ ӨТКІЗГІСІ
КЕЛЕТІНДЕР ДЕ БАР.



Шелекке балықтың өзі келіп түссе екен.



Туған өлкені ол осылай зерттемек.



Дәптерге жәндіктердің өзі келіп жабысса екен.



Шыңға осылай шығандамақ.



ПИОНЕР

№ 7 ИЮЛЬ 1958
АЛМАТЫ



„ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР“ ҮЙІРМЕСІНДЕ

Өрт! Өрт! Қоп-қою қара түтін бұрқ ете қалды да, бұп-бұйра болып аспанға көтерілді. Қып-қызыл жалын тілдері сумаң-сумаң етіп ұшқын атты.

Бұл — Фрунзе ауданы (Алматы қаласы) мектептерінің оқушыларынан құрылған «Өрт сөндіруші командалардың» жарысы үшін әдейі қойылған өрт еді.

Өрт сөндіруші командалар саны 13. Олардың әрқайсысына қойылған шарт — өртті тез арада өшіру.

Өртті бәрінен бұрын көрген Галя Котова телефон арқылы өрт сөндіруші командаға жылдам хабарлады (№ 4 сурет).

Сақадай-сай болып тұрған өрт сөндірушілер эп-сәтте киінді де, өрт сөндіргіш машинасына жүгірді (№ 3 сурет)

Олар өрт болған жерге келді. Өрт сөндіргіштің газы мен және су шлангасынан атқылаған сумен жалынды тұншықтыра бастады (№ 2 сурет)

Міне, өрт те сөнді. Сөндіруге кеткен уақыт — 1 минут 4,4 секунд-ақ. Бұл көрсеткішке ие болған № 52 мектептің командасы.

1 суретте жарыс туын түсіру және үйірме мүшелері (солдан оңға қарай) команда капитаны Женя Шацкий, Болат Бекболатов, Жора Полубетков. Нәтижелі еңбектері үшін бұларға кубок тапсырылды.

